

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Министерство просвещения Республики Казахстан
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**«ҮЗДІК ПЕДАГОГ» КОНКУРСЫ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО КОНКУРСУ «ЛУЧШИЙ ПЕДАГОГ»**

Астана – 2023

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2023 жылғы 02 мамырдағы №2 хаттама).

Рекомендовано к изданию Научно-методическим советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 2 от 02 мая 2023 года)

«Үздік педагог» конкурсы бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана қаласы: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023 – 96 б.

Методические рекомендации по конкурсу «Лучший педагог». – город Астана: Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, 2023. – 96 стр.

Бұл әдістемелік ұсынымдама "Үздік педагог" конкурсына қатысатын педагогтерге көмек көрсету мақсатында әзірленді. Әдістемелік ұсынымдамада педагогтерге республикалық "Үздік педагог" конкурсына дайындалу бойынша ұсыныстар берілді.

Әдістемелік ұсынымдама мектепке дейінгі, орта және кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарының әкімшілігіне, педагогтерге, сондай-ақ, Білім басқармаларының және Әдістемелік кабинет қызметкерлеріне арналған.

Данные Методические рекомендации разработаны с целью оказания помощи педагогам, участвующим в конкурсе «Үздік педагог». В Методических рекомендациях даны предложения и рекомендации для педагогов дошкольных организаций, организаций среднего и профессионально-технического образования по подготовке к республиканскому конкурсу «Лучший педагог».

Методические рекомендации предназначены для педагогов и администрации дошкольного, среднего и профессионально-технических организаций образования, а также для сотрудников Управлений образования и методических кабинетов.

© БІ. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2023
©Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2023

ГЛОССАРИЙ

Педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам¹;

Педагог портфолиосы – педагогтің білім беру қызметіндегі жеке және кәсіби жетістіктері, оқушыларының оқуы мен тәрбиесі және дамуының нәтижелері, педагогтің белгілі бір уақыт аралығындағы білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі ұсынылған жеке папкасы (электронды парақша)²;

Тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі ;

Өңірлік конкурстық комиссия – Конкурстың әрбір кезеңінің жеңімпаздарын айқындау және Конкурстың келесі кезеңіне қатысу үшін ұсынымдар беру үшін облыстық, қалалық/аудандық деңгейлерде, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар мен астанада құрылатын комиссия (бұдан әрі – Өңірлік комиссия)²;

Республикалық конкурстық комиссия – Конкурс жеңімпазын айқындау және оған "Үздік педагог" атағын беру үшін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) құратын комиссия (бұдан әрі – Республикалық комиссия)²;

Апелляциялық комиссия – Конкурстың нәтижелерін қайта қарау үшін республикалық, облыстық, қалалық/аудандық деңгейлерде (республикалық маңызы бар қалаларда және астанада) құрылатын комиссия (бұдан әрі - Апелляциялық комиссия)²;

Біліктілік – тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы³

Біліктілікті беру – тиісті кәсіптік қызмет түрінің шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті жеке қабілеттілік, кәсіптік білім, машықтар мен дағдылар жиынтығын растау рәсімі³;

¹ "Педагог мәртебесі туралы" - Қазақстан Республикасы Заңы/ Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

² "Үздік педагог" атағын беру қағидаларын бекіту туралы/Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 ақпанда № 10279 тіркелді.

³ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.

Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипатта-маларының біртұтас кешені⁴;

Бейінді оқыту – білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау процесі, білім беру процесін ұйымдастыру⁴;

Білім беру қызметі – білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс⁴;

Озық педагогикалық тәжірибе – мұғалімнің шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі [10].

Білім беру мониторингі – білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау⁴;

Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі – білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін белгілеудің институционалдық құрылымдары, рәсімдері, нысандары мен әдістерінің жиынтығы⁴;

Ғылыми-әдістемелік жұмыс – ғылым жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибеге негізделген және үздіксіз білім беру жүйесінің жұмыс істеуін және оны дамытуды жетілдіруге бағытталған қызмет түрі⁴;

Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар)⁴;

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау⁴;

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс⁴;

Жалпы білім беретін мектеп – білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, арнаулы оқу мен жеке дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы⁴;

Кешенді тестілеу – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны⁴;

Оқыту – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді иелену, қабілеттерді дамыту, білімдерін күнделікті өмірде қолдану тәжірибесін иелену және бүкіл өмір бойы білім алуға ынталануын қалыптастыру жөніндегі қызметін ұйымдастырудың мақсатты бағытталған процесі⁴;

Білім саласындағы уәкілетті орган – мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы⁴;

Оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар⁴.

⁴ Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы

Кіріспе

Кез келген мамандық иесі үшін горизонталь бойынша мансаптық өсу өте маңызды. Горизонталь бойынша мансаптық өсу – маманның өз саласында жеткен жетістіктері үшін марапаттау, тәжірибесін тарату, қызметін насихаттау. Осындай мақсатпен әр салада түрлі конкурстар өткізіліп тұрады, жоғары деңгейде жетістіктері бар педагогикалық қызметкерлерге әр түрлі марапаттар табысталады. Сала қызметкерлері арасында конкурс ұйымдастырудың артықшылығы – мамандардың конкурс жеңімпазы болу мақсатында өз қызметін жүйелендіруіне, жұмысына жаңашылдық енгізуіне, жалпы педагогикалық қызметте табысты кадрларды көрсетуге мүмкіндік береді. Сол себепті ұйым ішінде ғана емес, жалпы әкімшілік-аумақтық деңгейде түрлі салалық конкурстар үнемі ұйымдастырылып тұрады.

Педагогтер арасында ұйымдастырылатын салалық байқаулардың бірегейі және ең танымалы «Үздік педагог» конкурсы. 2012 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Үздік педагог» конкурсының нормативтік негізі бірнеше құжаттармен қамтамасыз етілген. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі туралы» заңына, «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына сәйкес, сонымен қатар, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, үздік педагогтерді анықтау, үздік педагогикалық практикаларды тарату және насихаттау мақсатында «Үздік педагог» конкурсы өткізілуде.

2012-2022 жылдар аралығында мектепке дейінгі және орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 600-ден аса педагогі конкурс жеңімпазы атанды. Сонымен қатар, жыл сайын педагогтердің аталған конкурсқа қызығушылықтары артуда. Сондықтан әдістемелік ұсынымдаманың мақсаты - «Үздік педагог» конкурсына қатысушы педагогтердің сапасын арттыру, ол үшін қатысушыларға конкурстың өткізу тәртібі мен кезеңдерін түсіндіру, конкурсқа дайындық кезеңдері бойынша ұсыныстар жасау.

Әдістемелік ұсынымдаманың **бірінші бөлімінде** Конкурсқа қысқаша шолу, яғни 2012 жылдан бастап Конкурсқа тарихи шолу жасалды. Ол үшін келесі мәліметтер ұсынылды:

- 1) Конкурстың мақсат-міндеттері;
- 2) Конкурс қатысушыларына қойылған талаптар;
- 3) 2012-2022 ж.ж. аралығында педагогтердің жеңімпаздар саны;

4) Конкурста жетістікке жету үшін қандай тараптар бірлесе, жұмыла жұмыс жасауы керек;

5) Әдістемелік кабинеттер/орталықтар Конкурс қорытындысына талдау жасап, қандай мәселелерге назар аудару қажеттілігі туралы ұсыныстар жасалды.

Екінші бөлімде педагогтерге "Үздік педагог" конкурсын өткізу тәртібі мен шарттары түсіндірілді. Өйткені 2022 жылдан бастап алғашқы рет конкурс жаңаша форматта өткізілді. Конкурстың барлық кезеңдері толығымен цифрландырылды. Сондықтан бұл ұсынымдамада құжаттарды қалай және қандай платформаға жүктеу қажеттілігі туралы және әр кезеңде нені және қалай дайындау, қандай көрсеткіштер бойынша не бағаланатыны қарастырылды.

Үшінші бөлімде Конкурстың қатысушыларына қысқа мерзімді жоспар, бейнесабқты дайындау, педагогтің, білім алушылардың жетістіктері бойынша әдістемелік ұсыныстар жасалды.

Жалпы, Конкурс жас педагогтердің және ұзақ жылдар бойы білім саласында еңбек етіп келе жатқан педагогтердің өз мамандығына деген көзқарасын өзгертті және олардың өз қызметіне деген уәждемесін арттырды.

1 Байқауға қысқаша шолу

Республикалық «Үздік педагог» 2012 жылдан бастап өткізілуде. Бастапқы жылдары 32 педагогке «Үздік педагог» атағы берілді. Конкурстың ережесі «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығына сәйкес нақтыланды. Осы кезеңнен бастап жыл сайын 64 педагогке «Үздік педагог» атағы беріліп келеді.

2012 жылдан бастап 2022 жылға дейін байқауға қатысуға мыңдаған педагог өтініштерін берді, бірақ көбісі 3-кезеңге (республикалық деңгейге дейін) жете алмайды. Он жылдың ішінде 600-ден аса педагог республикалық «Үздік педагог» атағына ие болды. Алайда, төмендегі 1-кестеде 10 жыл аралығындағы жеңімпаздар саны 545 педагог, өйткені бұл көрсеткішті тек қана орта білім беру ұйымдарында қызмет жасайтын педагогтер құрайды, ал мектепке дейінгі және кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарының педагогтері бұл санның ішіне кірмеді.

Он жылдан аса уақыттан бері ұйымдастырылып келе жатқан Конкурста ретроспективті талдау нәтижесінде қоғам үшін мынадай маңыздылығын атап өту қажет. Алдымен, конкурс педагогтерді жаңашылдыққа, инновацияға жетелеуге үлкен септігін тигізді. Конкурста педагог қызметінің озық тәжірибесі бағалау шарттарына енетінін білген педагогтер өз жұмысына басқаша қырыннан қарап, нәтижеге жетелейтін жаңашылдықты енгізуге, жаңа әдістемелерді қолдануды әдетке айналдырды.

Екіншіден, Конкурс үздік педагогикалық тәжірибелерді таратуға мүмкіндік берді. Білім сапасын арттыруға ықпал ететін тәжірибелерді қолданған үздіктердің әдістемелерін басқа әріптестері қолдана бастады. Бұл өз кезегінде педагогтер қоғамдастығы арасындағы горизонталь бойынша коммуникация мен диалогті кеңейтті.

Үшіншіден, Конкурс көпшіліктің «мұғалім» мамандығына назарын аудартып, қызығушылықтарын арттырды. Конкурста жеңімпаз болып, атағы Республика деңгейде тараған педагогтердің жетістіктерін көрген жеткіншектер осы мамандықты таңдауға көңіл аударды.

Тағы бір маңыздылығы – педагогтің қоғамдағы орны мен педагог болуға лайықты тұлға туралы қоғамдық көзқарасқа жаңа леп әкелді. Қазіргі таңда қоғамда педагогтің тұлғасы мен миссиясына үлкен көңіл бөлінуде. Сондықтан қоғамдағы кез келген тұлғада келесі сұрақтар туындайды:

- Педагог деген кім?
- Оның мақсат-міндеттеріне не жатады?
- Ол қоғамда қандай роль атқарады?

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы заңында «педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам» - делінген.

«Мұғалім» мамандығына әрқашан жоғары талаптар қойылады. Өйткені қоғамның дамуы мен оның болашағы педагогтерге байланысты.

Қазіргі таңда «мұғалім» мамандығына талаптар өзгеріп жатыр, сонымен қатар, педагогтердің міндеттері де өзгеруде. Егер бұрын педагогтің міндеті – білім алушыларға білімді беру ғана болса, бүгінгі таңда педагог білім алушыларға білімді қалай меңгеруге, оқу әрекетін ұйымдастыруға, білім алушылардың сыни ойлауын қалыптастыруға үйретеді. Сонымен қатар, педагог білім алушыларда мектепте алған білімдерін өмірде, іс жүзінде, яғни өмірлік жағдаяттарда қолдана білу дағдыларын қалыптастырады.

Уақыт талабына сай болу үшін әр педагог өзінің кәсіби құзыреттілігін арттыруы қажет. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттырудың бірнеше жолы бар:

- біліктілікті арттыру курстары;
- біліктілік санатына аттестаттаудан өту;
- ғылыми-зерттеу қызметі;
- әдістемелік бірлестіктің жұмысына, семинарларға, вебинарларға, конференцияларға, шеберлік сыныптарына белсенді қатысу;
- тәжірибені жалпылау және тарату;
- әр түрлі конкурстарға қатысу.

Сондықтан республикалық «Үздік педагог» конкурсы – педагогтің біліктілігін арттырудың бір жолы, өйткені бұл Конкурста педагогтер жинақтаған үздік педагогикалық тәжірибесімен бөлісіп, үздік сабақтарды өткізеді. Педагог мәртебесін арттыру, үздік педагогтерді танымал ету, озық тәжірибелерді трансляциялау үшін республикалық «Үздік педагог» конкурсы өткізілуде.

Конкурстың мақсаты – педагогтердің мәртебесін көтеру, олардың кәсіби біліктілігін және кәсіби өсуін қолдау және ынтыландыру, кәсіби шебер педагогтерді елге танымал ету, үздік педагогикалық практикаларды жариялау, тарату және насихаттау.

Конкурсқа мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жұмыс атқаратын педагогтер қатыса алады. Қазақстанда **республикалық «Үздік педагог» конкурсы 2012 жылдан бастап өткізілуде.** 2012-2022 жылдар аралығында конкурс аясында мектепке дейінгі және орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 600-ден астам педагогі жеңімпаз атанды.

2022 жылдан бастап конкурс цифрландырылған форматта өткізіле басталды. Конкурстың барлық кезеңдері – қатысушыларды тіркеуден бастап, республикалық кезеңнің қорытындысын шығаруға дейін толығымен цифрландырылды. Құжаттарды қабылдау 2022 жылдың қыркүйек айынан басталып қазан айына дейін жалғасты. Байқаудың кезеңдері:

- қатысуға өтінім беру;
- тіркелу;
- конкурстық құжаттаманы тапсыру;
- бағалау – *teachercontest.iac.kz* порталы бойынша жүзеге асырылады.

2022 жылдан бастап кез келген қатысушы өтінімді толтырғаннан кейін байқаудың одан әрі динамикасын бақылай алады.

2022 жылы «Үздік педагог» конкурсына мыңнан астам педагог өтініш берді. Осындай қатысушылар саны «Үздік педагог» конкурсының маңызы зор екенін, педагогтердің аталған Конкурсқа қызығушылығы артқанын көрсетті.

Екіншіден, Конкурс жас мамандардың білім саласына келуге деген мотивациясын көтерді және көп жылдар бойы білім саласында нәтижелі еңбек етіп келе жатқан озық педагогтердің еңбегі лайықты бағаланды.

Аталған Конкурстың қатысушыларына қойылған талаптарды қарастырайық. Олар келесілер:

«Үздік педагог» конкурсына **білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін және кемінде бес жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар педагогтер** қатыса алады

Педагогтердің және білім алушылардың жетістіктері халықаралық, республикалық және облыстық деңгейде бар болса, олар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің **№514 бұйрығына** сәйкес болуы тиіс

Қатысушының үздік тәжірибесі болуы және оның нәтижелігі, тиімділігінің дәлелі болуы шарт (**5 минуттік бейнеролик**)

15 минуттік бейнесабак. Бағалау критерийлері:

- ә) бейнесабактың мақсаты нақты және қолжетімді;
- а) белсенді әдістерді тиімді қолдану;
- б) ресурстарды пайдалану;
- в) формативті бағалау;
- г) педагогтің сөйлеу мәнері;
- д) шешендігі;
- е) сыни тұрғыдан ойлау қабілеті

Конкурсқа қатысушылар – балабақша, мектеп, колледж педагогтері



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР !

Екі кезеңнің қорытындысы бойынша **ең жоғары ұпай жинаған педагогтер** Конкурстың **республикалық деңгейіне жолдама** алады.

Шекті балдан төмен ұпай жинаған қатысушылар Конкурстың келесі кезеңіне **қатыстырылмайды**

Толық ақпарат бермеген қатысушылар автоматты түрде Конкурстың **бірінші кезеңінен шектетіледі және басқа кезеңдерде де қатыспайды [1]**

Төменде берілген №1-кестеде қай аймақтан қанша педагог «Үздік педагог» атағына ие болғанын көруге болады.

№1- кесте. 2012-2022 ж.ж. аралығында педагогтердің «Үздік педагог» байқауына қатысуы және сапалық көрсеткіштері

**1-кесте. Өңірлер бойынша «Үздік педагог»
конкурсының жеңімпаздары**

№	Өңір	«Үздік педагог» атағының иегерлері
1	ҚР	545
2	Ақтөбе	48
3	Астана қ.	38
4	Алматы қ.	37
5	БҚО	36
6	Манғыстау	34
7	СҚО	34
8	Жамбыл	42
9	Павлодар	36
10	Ақмола	29
11	Қызылорда	26
12	Қостанай	33
13	Алматы	18
14	ШҚО	9
15	Түркістан	18
16	Шымкент қ.	15
17	Атырау	27
18	Қарағанды	25
19	Абай	15
20	Жетісу	20
21	Ұлытау	5

Жалпы, «Үздік педагог» конкурсының жеңімпазы болу үшін, үлкен дайындық жұмысты талап етеді. Конкурста жоғары нәтиже көрсету үшін бірнеше қатысушының өзара үйлесімді, жүйелі және бірлескен жұмысы қажет. Алдымен, үздік педагог болуды жоспарлаған педагогтің байқауға қатысу үшін өз қызметін жоспарлауы және үнемі рефлексия жүргізуі маңызды. Одан кейін білім беру ұйымы менеджментінің әлеуетті педагогтерді қолдауы, олардың конкурсқа қатысуын ынталандыруы маңызды. Үшіншіден, қолдаушы тарап – өңірлік әдістемелік кабинеттер мен орталықтар болып табылады. Осы үш тарап

– педагог-қатысушы, мектептің басшылығы, әдістемелік кабинет/орталық қызметкерлері өз жұмысын сапалы және жауапты жүргізген жағдайда ғана жыл сайын республикалық деңгейде болмаса да, өңірлік деңгейде жеңімпаздар шығаруға болады. Соңғы екі тарап педагогтердің бойында үнемі өзін-өзі жетілдіру, ұдайы білім алу мен іздену мәдениетін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Осындай мәдениет қалыптасқан педагогтің кез келген конкурста ғана емес, санатын көтеруде де табысты болатындығы анық.

Конкурстың жеңімпазы болу тек педагогтің ғана емес, сол педагог еңбек ететін білім беру ұйымы басшылығының жұмысының сапасын көрсетеді. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» № 83 бұйрықта мектеп басшыларының еңбегін бағалаудың бір критерийі ретінде сол білім беру ұйымынан шыққан санаты жоғары педагогтер саны да есептеледі. Сондықтан педагог-шебер және үздік педагогтердің жиі шығуы мектептегі дұрыс менеджмент қалыптасқандығының айғағы ретінде директор мен оның орынбасарларының санаттарын көтеру барысында қарастырылады.

Пән бойынша, жалпы, өңірден үздіктердің көптеп шығуы жауапты әдіскердің де еңбегінің сапасын көрсетеді. Себебі сапалы әдістемелік қолдаусыз бәсекелестігі жоғары Конкурста жетістікке жету қиын. Сондықтан әдістемелік кабинеттер/орталықтар қызметкерлері, оның ішінде пән бойынша жауапты әдіскерлер, білім беру ұйымының басшылары және әдістемелік бірлестік жетекшілері үнемі талдау жасап, байқауға қатысушылардың сапалық құрамын жетілдіруге қатысты жұмыс жасауы тиіс. Әр әдіскер талдауды келесі көрсеткіштер бойынша жасауы мүмкін:

- 1) Пән бойынша жеңімпаздар саны;
- 2) Оқыту тіліне қатысты талдау (артықшылығы, айырмашылығы);
- 3) Пән бойынша педагогтердің қызығушылығы, белсенділігі;
- 4) Пән бойынша педагогтердің белсенділігінің төмендігі, оның себептері;
- 5) Пән бойынша педагогтердің қатысуы.

Әдістемелік кабинеттер/орталықтар әдіскерлері жыл сайын Конкурс қорытындысы бойынша талдау жасап, жеңімпаз болуға қандай шарттар ықпал етті, кедергі жасаған факторлар туралы рефлексия жасағаны орынды. Бұл өз кезегінде алдағы жылдары жұмыс сапасын арттыруға алып келеді.

Сонымен қатар, әдіскерлер конкурс жеңімпаздарының тәжірибесін таратып, олардың өзге әріптестерімен тәжірибесімен бөлісуін ұйымдастыруы өзекті. Бұл басқа педагогтерді ынталандыруға, конкурстың процедуралары туралы практикалық ақпарат алуына мүмкіндік береді.

2 "Үздік педагог" атағын беру қағидалары


2.1 "Үздік педагог" атағын беру тәртібі

Үш тараптың(қатысушы – мектеп әкімшілігі – әдіскер) сапалы және нақты дайындық жұмыстарын жүргізгеннен кейін және барлық материалдар соңғы екі тараптың мақұлдауына ие болғаннан кейін, Конкурсқа қатысушылар Министрлік тарапынан хабарламада көрсетілген ақпараттық жүйеге өздері құжаттарды(материалдарды) жүктейді.

Ұсынылған құжаттарда (материалдарда) плагиат анықталған жағдайда Комиссия педагогке Конкурстың келесі кезеңінен шеттетілгені туралы хабарлайды. Еркін нысанда хабарлама педагогтің жұмыс орны бойынша білім беру ұйымына жіберіледі;


- "Үздік педагог" атағы бір педагогке он жыл ішінде бір рет қана беріледі.

Конкурс келесі кезеңдерді қамтиды:



«Үздік педагог» атағын беру Конкурс қатысушыларына **қойылатын талаптар:**





Егерде педагог жоғарыда қойылған талаптарға сәйкес болса, онда республикалық «Үздік педагог» атағын беру Конкурсына қатыса алады және Конкурсты өткізу қадамдарын білуі тиіс. Олар төмендегілер:

1-қадам

Конкурстың хабарландыруы ауданның/қаланың (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың) білім бөлімі (бұдан әрі – Бөлім) аудан (қала) аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы

2-қадам

Конкурсқа қатысу жөнінде педагогтің шешім қабылдауы

3-қадам

Логин мен құпия сөзді (пароль) құру және платформаға қатысушының тіркелуі

4-қадам

1-кезеңнің талаптарына сәйкес платформаға келесі материалдарды жүктеу:

1) оқыту тіліндегі портфолио;

2) сабақ (оқу) жоспарын ұсына отырып, ұзақтығы 7 (жеті) минуттік бейнесабақ (**мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін**);

3) ұзақтығы 15 (он бес) минуттік бейнесабақ/оқу (**орта, арнайы, қосымша білім беру, техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін**);

4) нысан бойынша бейнероликке қойылатын талаптар мен техникалық шарттарға сәйкес үздік педагогикалық практиканы трансляциялау (ұзақтығы 5 (бес) минутқа дейінгі бейнеролик);

5) Министрлік айқындаған тақырыпта жазылған эссе (500 (бес жүз) сөзден аспауы тиіс).

5-қадам

Комиссия мүшелерінің Конкурса қатысушылардың портфолиосын қарауы және бағалауы

6-қадам

I кезең нәтижелерін қатысушыларға хабарлау

7-қадам

Конкурстың бірінші кезеңінің нәтижелері жарияланғаннан кейін, Конкурстың II кезеңін өткізу туралы хабарландыру жіберу

8-қадам

Комиссия мүшелерінің Конкурстың II кезең қатысушыларының портфолиосын қарау және бағалау

9-қадам

II кезең нәтижелерін қатысушыларға хабарлау

10-қадам

Конкурстың III кезеңін өткізу туралы хабарлау

11-қадам

Комиссия мүшелерінің Конкурстың III кезеңінің қатысушыларының портфолиосын қарау және бағалау

12-қадам

Комиссия мүшелерінің Конкурса қатысушылардың сабақтарына кестеге сәйкес оффлайн қатысуы

13-қадам

III кезең нәтижелерін қатысушыларға хабарлау және **марапаттау рәсімін өткізу** [2].

Жалпы, Конкурстың I кезеңі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен мерзімде өткізіледі, онда Конкурстық комиссия ұсынған аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қалалар) деңгейінде Конкурс жеңімпаздары айқындалады.

Конкурстың I кезеңіне қатысу үшін қатысушы Министрліктің ақпараттық жүйесі арқылы «Үздік педагог» атағын беру Қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электронды форматта 1-кестеде ұсынылған құжаттарды (материалдарды) жүктейді. 1-кестеде нақты конкурстың 1-кезеңіне электронды форматта қатысушы жүктейтін құжаттар тізімі ұсынылған.

2-кесте. Педагог туралы жалпы мәліметтер

Жүктелінетін құжаттар	Өтінім үлгісі																								
1) өтінім	<p style="text-align: center;">"Үздік педагог" атағын беру конкурсына қатысуға ӨТІНІМ</p> <p>Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын. Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr><td style="width: 20px;">1.</td><td>Жұмыс орны</td></tr> <tr><td>2.</td><td>Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)</td></tr> <tr><td>3.</td><td>Туылған күні (күні, айы, жылы)</td></tr> <tr><td>4.</td><td>Лауазымы</td></tr> <tr><td>5.</td><td>Педагогикалық өтілі</td></tr> <tr><td>6.</td><td>Лауазымдағы жұмыс өтілі</td></tr> <tr><td>7.</td><td>Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірді)</td></tr> <tr><td>8.</td><td>Біліктілік санаты</td></tr> <tr><td>9.</td><td>Индексі бар үй мекенжайы</td></tr> <tr><td>10.</td><td>Жеке куәліктің деректері (нөмірі, қашан және кім берді, жеке сәйкестендіру номері)</td></tr> <tr><td>11.</td><td>Байланыс телефоны (үй, ұялы), электрондық пошта</td></tr> <tr><td>12.</td><td>Наградалар, көтермелеулер (награданың, көтермелеудің атауы)</td></tr> </table> <p style="text-align: right;">Өтінімді _____ толтыру _____ күні</p> <hr/> <p style="text-align: center;">Конкурсқа _____ катысушының _____ жеке</p> <p>қолы _____ Білім беру ұйымы басшысының</p> <p>қолы _____</p> <p style="text-align: center;">Мөр орны _____</p>	1.	Жұмыс орны	2.	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	3.	Туылған күні (күні, айы, жылы)	4.	Лауазымы	5.	Педагогикалық өтілі	6.	Лауазымдағы жұмыс өтілі	7.	Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірді)	8.	Біліктілік санаты	9.	Индексі бар үй мекенжайы	10.	Жеке куәліктің деректері (нөмірі, қашан және кім берді, жеке сәйкестендіру номері)	11.	Байланыс телефоны (үй, ұялы), электрондық пошта	12.	Наградалар, көтермелеулер (награданың, көтермелеудің атауы)
1.	Жұмыс орны																								
2.	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)																								
3.	Туылған күні (күні, айы, жылы)																								
4.	Лауазымы																								
5.	Педагогикалық өтілі																								
6.	Лауазымдағы жұмыс өтілі																								
7.	Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірді)																								
8.	Біліктілік санаты																								
9.	Индексі бар үй мекенжайы																								
10.	Жеке куәліктің деректері (нөмірі, қашан және кім берді, жеке сәйкестендіру номері)																								
11.	Байланыс телефоны (үй, ұялы), электрондық пошта																								
12.	Наградалар, көтермелеулер (награданың, көтермелеудің атауы)																								
2) оқыту тіліндегі	Педагогтің портфолио үлгісі																								

педагогтің портфолиосы;	
	<p>1. Педагог туралы жалпы мәліметтер.</p> <ul style="list-style-type: none"> - тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), міндетті түрде 3x4 көлемінде фотосуреті болуы қажет; - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; - жұмыс орны куәландырған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы; - еңбек өтілі (еңбек және педагогикалық); - диплом көшірмелері; - біліктілікті арттыру (сертификаттар мен куәліктердің соңғы 5 (бес) жылдан аспайтын көшірмелері); - марапаттары (грамоталардың, мақтау қағаздарының, алғыс хаттардың, төсбелгілер куәліктерінің, үкіметтік және мемлекеттік наградалардың көшірмелері); - педагогтерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы педагогикалық ұйымдарының, білім беру ұйымдары директорларының, әріптестерінің, басқа да қоғамдастық өкілдерінің тануы(пікірлері, алғыс хаттар, грамоталар); - қоғамдастыққа ықпалы (бұқаралық ақпарат құралдарында тануы, қайырымдылық ұйымдарына мүшелік); - оқушылар мен тәрбиеленушілердің құндылықты білім алуын дамыту, басқа елдердің білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық, оқушылармен алмасу жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдесу.
3) Ұлттық біліктілікті растайтын құжат	Ұлттық біліктілік сертификаты

Екінші кесте бойынша «Үздік педагог» атағын беруге үміткердің жұмыстары сапалық және сандық көрсеткіштер негізінде бағаланады. Мысалы, Ұлттық біліктілік тестілеудің нәтижесі келесідей саналады:

3-кесте. Бағалау парағы

1.	91-100 %	5 балл
2.	81 - 90%	4 балл
3.	71 - 80%	3 балл
4.	61 – 70 %	2 балл

Педагогтің кәсіби шеберлігі мен жетістіктерін бағалауда назар келесілерге аударылады:

- **біліктілікті арттыру сертификаттары** мен куәліктерінің мерзімі соңғы 3 (үш) жылдан аспауы тиіс, сонымен қатар, аталған құжаттар **ҚР Оқу-ағарту министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізілімінде** болуы шарт, өйткені басқа курстардың сертификаттары саналмайды және оларға балл қойылмайды. *Бірақ, өкінішке*

орай, көбінесе, педагогтер аталған шартты ескермей, барлық сертификаттарын жүктейді. Оның ішінде жекеменшік мекемелердің және біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізілімінде жоқ ұйымдардың сертификаттарын платформаға жүктейді. Соның салдарынан педагог тарапынан жасалған осындай әрекет әділқазылар алқасы мүшелерінің уақыттарын алады және оны тиімді пайдалануға кедергі болады. Сол себепті педагогтерге арналған біліктілік арттыру курстарын «Өрлеу» БАҰО» АҚ, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Педагогикалық шеберлік орталығы», «Talar» КеАҚ т.б. мемлекетпен аффиляцияланған ұйымдардың курстарынан өту қажет. Өйткені аталған курстар уәкілетті органның (бұдан әрі – ҚР Оқу-ағарту министрлігі) мақұлдауынан өтеді. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымы өткізе алады. Талаптарға сәйкес келетін ұйымдар тізімін білім саласындағы уәкілетті органның сайтынан немесе хабарласу арқылы біліп, курсқа қатысу қажет.

Конкурсқа қатысушылар «НЗМ», «Өрлеуден» және тізілімде бар басқа да мекемелердің курстарының сертификаттарын жүктеуі тиіс. *Осындай дұрыс жасалған қадамдар арқылы үміткердің көрсеткіштері нақты болады және сарапшылардың да уақыты үнемделеді*

Педагогтердің марапаттары бойынша білім саласына қатысты наградалардың болуы шарт. Марапаттар тек қана тізімге сәйкес болуы тиіс, өйткені кейбір қатысушылар жекеменшік мекемелерде ақылы жасалған наградаларды не болмаса тізімде жоқ наградаларды жүктейді. Бұндай әрекет жасамау керек, өйткені ондай марапаттар есептелмейді және олар үшін балдар қойылмайды. Сондықтан мемлекеттік наградалар **«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы»** Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2676 Заңына және білім саласына қатысты наградаларға сәйкес болған дұрыс. Сол себепті төменде білім саласына қатысты мемлекеттік наградалардың тізімі ұсынылды. Оларға келесі наградалар жатады:

«Қазақстанның еңбек ері» атағы [5]

"Қазақстанның Еңбек Ері" атағы Қазақстан Республикасын экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін беріледі.

"Парасат" ордені

"Парасат" орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан не адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады.

"Достық" ордені

"Достық" орденімен азаматтар қоғамда өзара татулықты сақтау жөніндегі жемісті жұмысы, халықтар арасында бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген еңбегі үшін марапатталады.

"Достық" ордені екі дәрежеден тұрады:

- I дәрежелі "Достық";
- II дәрежелі "Достық".

"Ерен еңбегі үшін" (За трудовое отличие) медалі

"Ерен еңбегі үшін" медалімен азаматтар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттік қызметтегі еңбек жетістіктері үшін наградталады.

Құрметті атақтар

Қазақстан Республикасында келесі құрметті атақтар белгіленген:

"Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы"

"Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" – аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін педагогтерге беріледі.

Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы

Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен азаматтар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі, білім берудегі, әскери және өзге мемлекеттік қызметтегі, қоғамдық және мемлекеттік қызметтегі елеулі жетістіктері үшін наградталады.

Жоғарыда көрсетілген ең жоғары мемлекеттік наградалар, сонымен қатар, білім саласына қатысты наградалар тізілімі **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеу жүйесін бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 08 тамыздағы № 324 бұйрығында көрсетілген. Сондықтан педагогтер платформаға жүктеген марапаттар келесі наградаларға сәйкес болуы тиіс:

"Білім және ғылым министрінің Алғысы"[6]

1) осы Көтермелеу жүйесіне сәйкес нысан бойынша "Білім және ғылым министрлігі мен оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкеріне Алғыс";

2) "Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы";

3) "Білім және ғылым министрлігі мен оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкеріне Құрмет грамотасы";

4) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқу ісінің үздігі" құрмет дипломы;

5) "Орта білім беру ісінің үздігі" құрмет дипломы;

6) "Қосымша білім берудің үздігі" құрмет дипломы;

7) "Техникалық және кәсіптік білім беру ісінің үздігі" құрмет дипломы;

8) "Ы.Алтынсарин" төсбелгісі;

9) "Білім беру ісінің құрметті қызметкері" төсбелгісі.

Көтермелеумен марапаттаудың келесі реттілігі (бұдан әрі – Реттілік) айқындалды:

1) білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтер үшін:

"Білім және ғылым министрінің Алғысы";

"Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы";

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқу ісінің үздігі" немесе "Орта білім беру ісінің үздігі" құрмет дипломы немесе "Қосымша білім берудің үздігі", "Техникалық және кәсіптік білім беру ісінің үздігі" немесе Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ісінің үздігі" құрмет дипломы;

"Ы. Алтынсарин" төсбелгісі;

2) әдістемелік сүйемелдеуді немесе білім беру қызметін ұйымдастыруды жүзеге асыратын педагогтер, зейнеткерлер, еңбек ардагерлері, білім беруді дамытуға үлес қосқан өзге де адамдар үшін:

"Білім және ғылым министрінің Алғысы";

"Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы";

"Білім беру ісінің құрметті қызметкері" төсбелгісі.

! Ескерту

Педагог ұсынған марапаттар жоғарыда белгіленген наградалар тізіліміне сәйкес болуы тиіс және аталған наградалар үшін ғана балл қойылады және тізіліміндегі наградалар ғана есептеледі. Ең жоғары балл Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы үшін қойылатын балл – 4 балл және ең жоғары балл бірақ рет қойылады.

№3-кестеде наградалардың бағалауы ұсынылды:

4-кесте. Наградалардың бағалануы

1.	<i>Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларының болуы</i>
2.	<i>Ведомстволық наградалары мен көтермелеулерінің болуы</i>
3.	<i>Облыстық және республикалық маңызы бар қалалар және астананың Білім басқармаларының көтермелеулерінің болуы</i>
4.	<i>Аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің көтермелеулердің болуы</i>

2.2 Педагогикалық қызмет мониторингі

Бұл бөлімшеде білім алушылардың, педагогтердің жетістіктерін растайтын құжаттар платформаға жүктеледі. 5-кестеде "Үздік педагог" атағын беру қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес электрондық платформаға жүктелінетін құжаттар тізімі ұсынылды.

5-кесте. Педагогикалық қызмет мониторингі

Педагогикалық қызмет мониторингі	
1) Білім алушылардың жетістіктері	- білім беру ұйымының басшысы растаған білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) соңғы 3 (үш) жылдағы білім беру жетістіктері мониторингінің нәтижелері (болған жағдайда); - білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) соңғы 3 (үш) жылдағы олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарындағы (ғылыми жарыстардағы), шығармашылық конкурстардағы және спорттық жарыстардағы жетістіктері (тиісті сертификаттармен, грамоталармен, дипломдармен расталады); - білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) соңғы 3 (үш) жылдағы олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарындағы (ғылыми жарыстардағы), шығармашылық конкурстардағы және спорттық жарыстардағы жетістіктері (тиісті сертификаттармен, грамоталармен, дипломдармен расталады).
2) педагогтің жетістіктері	педагогтің соңғы 3 (үш) жылдағы олимпиадаларға, кәсіби, шығармашылық конкурстарға және спорттық жарыстарға қатысуы туралы мәліметтер (тиісті сертификаттармен, грамоталармен, дипломдармен расталады).

! ТҮСІНІКТЕМЕ

4-кестедегі «Педагогикалық қызмет мониторингісіне» сәйкес құжаттар жүктеледі және олар соңғы 3 (үш) жылғы болуы шарт. Ақпараттар келесі реттілікпен және тәртіппен платформаға жүктеледі:

БІРІНШІДЕН


Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) соңғы 3 (үш) жылдағы **олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарындағы (ғылыми жарыстардағы), шығармашылық конкурстардағы және спорттық жарыстардағы жетістіктері** (тиісті сертификаттармен, грамоталармен, дипломдармен расталады).

ЕКІНШІДЕН

Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) соңғы 3 (үш) жылдағы жетістіктері «Жалпы білім беретін пәндер бойынша **республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың** тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы **№ 514 бұйрығына сәйкес болуы қажет [7]**


ҮШІНШІДЕН

Аталған бұйрықтың тізіміне енген олимпиадалар, конкурстар және ғылыми жобаларға қатысқан білім алушылардың жетістіктері үшін ғана **балл қойылады**. Бірақ кейбір педагогтер білім алушылардың **бұйрықтың тізілімінде жоқ** жарыстарға, олимпиадаларға қатысқан жетістіктерін платформаға жүктейді, ондай **көрсеткіштер саналмайды, балл қойылмайды** және әділқазылар мүшелерінің уақытын алады. Үміткердің осыны ескеруі **маңызды!**



ТӨРТІНШІДЕН

Педагог жетістіктері де осындай тәртіппен есептеледі, педагогтің соңғы 3 (үш) жылдағы жетістіктері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы **№ 514 бұйрығына [7] сәйкес болуы шарт**, басқа жетістіктері есептелмейді және балл қойылмайды. **Педагогтің осы шартты ескеруі маңызды!**



Нәтижесінде, егерде «Үздік педагог» атағын беру конкурсына қатысушы педагогикалық қызмет мониторингісі бойынша жоғарыда ұсынылған шарттармен және реттілікпен мәліметтерді электрондық платформаға жүктесе, онда оның балдары нақты көрсеткіштерге сәйкес жинақталады. Педагогтің кәсіби шеберлігі мен жетістіктері төмендегіндей бағаланады:

1.	<i>Халықаралық кәсіби шеберлік конкурсы дипломының болуы</i>
2.	<i>Республикалық кәсіби шеберлік конкурсы дипломының болуы</i>
3.	<i>Облыстық және республикалық маңызы бар қалалар мен астананың кәсіби шеберлік конкурстары дипломының болуы</i>

2.3 Педагогтің ғылыми-педагогикалық қызметі

Ғылыми-педагогикалық қызметке келесілер жатады:

- 1) педагогикалық тәжірибе (үздік педагогикалық практика, элективті курстың авторлық бағдарламасы, әдістемелік әзірлемелер, оқу-әдістемелік кешендер);
- 2) педагогтің қатысқан семинарлар, конкурстар, дөңгелек үстелдер, фестивальдардың (республикалық және халықаралық деңгейде) бағдарламалары және озық педагогикалық тәжірибені таратқандығын растайтын құжат;
- 3) педагогтің зерттеу тақырыбы бойынша жинақталған материалдар.

Осыған орай бөлімшеде педагогикалық тәжірибе мен авторлық бағдарлама бойынша қысқаша ақпарат ұсынылды.

Озық тәжірибе

Педагогикалық тәжірибе дегеніміз мұғалімнің күнделікті оқыту, тәрбие жұмысы барысында жинақталған тиімді тәжірибенің жиынтығы. Сонымен қатар, педагогикалық озық тәжірибе жаңашылдық пен педагогикалық зерттеуден тұрады.

Қазақстанда өздерінің үздік практикаларын жинақтап таратқан кәсіби шебер мұғалімдер Рафика Нуртазина, Қанипа Бітібаева болған және т.б. Осы жерде Қанипа Омарғалиқызының еңбегіне, оның педагогикалық қызметіндегі ерекшеліктері, артылықшылықтары туралы мәлімет берілді.

Келесі абзацта Қанипа Бітібаеваның еңбегі, озық тәжірибесі, тәжірибенің негізгі идеясы туралы ақпарат ұсынылды.

Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы педагогика ғылымдары академиясының академигі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы – әдебиетті оқытудың өзгеше жүйесін қалыптастырған педагогтердің бірі. Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы білім алушының өз көзқарасын білдіруге, пікірлесуге, диалогке, проблема шешуге, өз бетімен ізденуге, зерттеу жұмысына негізделеді.

Жобалау, модель жасау, білім алушыларды өз бетімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының негізін құрайды. Аталған идеяның мәнмәтінінде білім алушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады.

Атақты педагог: «Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді - ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет» - деген [8].

Оқыту үдерісінде педагог ұлттық құндылықтарды көркемсөзді танудан, көркемсөзге деген қастерлі сезімді ұрпақ бойына қалыптастырудан іздейді. Ұлы педагогтің қазақ әдебиетін жүрегімен сезінуге, оны оқыту мәселелерін жан-жақты қарастыруға, талдауға арналған еңбектері мен жаңашыл көзқарастары педагогтер қауымына бағыт-бағдар береді. Мысалы, Қ. Бітібаева өз тәжірибесінде жаңа тақырыпқа қатысты алдын ала тапсырма беріп, ой тастайды. Бұндай тәсіл білім алушыларды ойландырады, ізденуге жетелейді. Осындай әрекеттердің арқасында білім алушы мақсатқа жетеді. Әдіскер ұстаздың әдебиетті оқыту ұстанымы ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасынан тұрады. Ой салу — ұстаз тарапынан, ойлану — шәкірт тарапынан, ойланту — (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан жүзеге асады. Оның сабақ жоспары оқушы–субъектінің еркіндігіне жол ашады, оқушының да, ұстаздың да іс әрекеті түпкілікті нәтижеге қол жеткізудің өнімді еңбегіне айналады. Бұл туралы Қанипа Омарғалиқызы былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа

қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» [9]. Ұстаз да, оқушы да жаңаны іздеуші, табушы, бірліктегі одақ деңгейіндегі еңбек етуші дәрежесінде болады. Қ.Бітібаеваның республикалық ғылыми зертханасы оқушының, ұстаздың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға негізделі отырып:

- іс жүзінде болашағы бар білім беру мақсатын жүзеге асыру;
- әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына жағдай жасау;
- білімді меңгерудегі өз жетістіктерін бағалаудың, өз білімдері мен іскерліктерін дамытудың жолдарын анықтау;

- әрбір оқушының ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетістік деңгейін бағалау мүмкіндігін беру;

- оқушының әлеуметтік біліктілігін қамтамасыз етумен шұғылданады.

Ұлы педагогтің тәжірибесінде басты тұлғалардың жұмысы өзара субъекті-субъектілік қарым-қатынасқа құрылып, оқу мен тәрбие тілдік тұлға қалыптастыруға бағытталады, жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы білім алушының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру жүзеге асады.

Қазіргі таңда үздік тәжірибеге төмендегідей анықтамалар беріліп отыр:

Озық педагогикалық тәжірибе – мұғалімнің шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі [10].

Негізі, тиімді, үздік тәжірибелердің белгілері болады. Оларға келесілерді жатқызады:

- 1) білім алушылардың қажеттілігіне сәйкестігі;
- 2) әлеуметтік сұранысқа ие;
- 3) нәтижелігі, жетістікке жеткізуі: ұсынылған озық педагогикалық тәжірибені іске асыру қандай болжамды нәтиже береді? Білім алушыларда қандай дағды, білім қалыптасады, дамиды? Оқушылардың оқу мотивациясының деңгейі жоғарылайды ма және неге байланысты?

- 4) жаңашылдығы: оқу процесін ұйымдастырудың жаңа формалары, білім беру мазмұнын құрудың жаңа тәсілі, жаңа педагогикалық технологиялар, әдістер, оқыту әдістемелері, оқу құралдары, бағалау критерийлері, бақылау әдістері және т.б.;

- 5) практикалық маңыздылығы: ұсынылған жұмыс нақты жағдайды жақсы жаққа өзгертуге қандай мүмкіндік береді? Тәжірибеге енгізу үшін не ұсынылды;

- 6) жұмыстың ғылымилығы: оның жаңа білім беру парадигмасының философиясына, әдістемесіне, психологиясына және педагогика ғылымы мен тәжірибесінің соңғы жетістіктеріне сәйкестігі.

Төменде үздік тәжірибемен қатар, элективтік курстардың бағдарламасына(авторлық) да түсінік беріліп отыр.

Бағдарлама(авторлық) туралы мәлімет

Авторлық бағдарлама вариативті компонент негізінде педагогке берілген қосымша сағатқа әзірленеді. Яғни элективті курсқа. « Элективті курс – білім алушының таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім алу дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарындағы вариативті компоненттің құраушы бөлігі» [11]Әр педагог білім алушы қажеттілігін ескере отырып, бағдарлама дайындайды. Бағдарламаны білім беру ұйымының әдістемелік кеңес отырысында талқылап, мақұлдайды. Содан кейін педагог бағдарлама шеңберінде материалдар жинақтайды, жүйелейді. Бағдарламаны оқу процесіне енгізу барысында педагог бағдарламаға өзгертулер енгізуі мүмкін.

Егер бағдарлама білім алушылардың білім сапасын арттыруға ықпал жасап, нәтижеге жеткізсе, онда бағдарлама аудан көлемінде таратылады. Содан кейін автор аудандағы әріптестермен пікірлесіп, қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді. Аудандық сараптамалық кеңес облыстық сараптамалық кеңеске жібереді. Егерде облыстық сараптамалық кеңес отырысында бағдарламаға оң пікір берілсе, облыстық сараптамалық кеңес мақұлдауға Республикалық оқу-әдістемелік кеңеске жібереді. Мақұлданған бағдарлама республикалық көлемінде таратылады. Сонымен қатар, кәсіби шебер педагогтер Үлгілік оқу бағдарлама және оқу-әдістемелік кешендер авторы қатарынан да болуы мүмкін.

Енді элективті курстың бағдарламасын дайындау кезеңдерін қарастырайық. Оған келесілер жатады:

- мақсат-міндеттерді *анықтау, нақтылау;*
- нәтижелерді *болжау;*
- оқыту материалын жинақтау, сараптау, жүйелеу;
- тарау, бөлімдерге бөлу
- күнтізбелік-тақырыптық жоспар құру;
- жүзеге асыру.

Оқыту процесін бастау – үздіксіз жетілдіруді қажет ететін үздіксіз процесс. *Өйткені апробация кезінде өзгерістер енгізілуі мүмкін.*

Авторлық бағдарлама бойынша толық ақпаратпен Академияның <https://uba.edu.kz> сайтында танысуға болады.

«Педагогтің ғылыми-педагогикалық қызметі» бөлімшесінде педагогтің қатысқан семинарлар, конкурстар, дөңгелек үстелдер, фестивальдардың (республикалық және халықаралық деңгейде) бағдарламалары және озық педагогикалық тәжірибені таратқандығын растайтын құжаттар жүктелуі тиіс. *Сондықтан педагог өзінің үздік педагогикалық практикасын трансляциялау, басқалармен тәжірибесімен, зерттеу қорытындысымен бөлісу мақсатында республикалық, халықаралық деңгейдегі конференцияларға, семинарларға қатысып, осындай деңгейдегі шаралардың сертификаттарын жүктейді.*

Қорытынды: Жоғарыда озық тәжірибе және элективті курстың авторлық бағдарламасы бойынша ақпарат берілді. Сонымен қатар, педагогтің жетістіктері бойынша қандай көрсеткіштер бағаланатыны қарастырылды және

олар бойынша түсініктеме берілді. Енді келесі 6- кестеде педагогтің кәсіби шеберлігі мен жетістіктерінің бағалауы ұсынылды.

Педагогтің кәсіби шеберлігі мен жетістіктерін бағалау

6- кесте. Педагогтің кәсіби шеберлігі мен жетістіктерін бағалау.

Педагогтің кәсіби шеберлігі мен жетістіктерін бағалауда ең жоғары көрсеткішпен бір ғана нәтиже ескеріледі	
1.	<i>Халықаралық кәсіби шеберлік дипломының болуы</i>
2.	<i>Республикалық кәсіби шеберлік конкурсы дипломының болуы</i>
3.	<i>Облыстық және республикалық маңызы бар қалалар мен астананың кәсіби шеберлік конкурстары дипломының болуы</i>
Соңғы 3(үш) жылда авторлық бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды әзірлеу және енгізу	
1.	<i>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған оқулықтың, оқу-әдістемелік кешеннің авторы</i>
2.	<i>Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, Үлгілік оқу жоспарларын, бағдарламаларын әзірлеуге қатысу</i>
3.	<i>Республикалық оқу-әдістемелік кеңес бекіткен элективті курстар, әдістемелік құралдар бағдарламаларының авторы</i>
4.	<i>Облыстық, қалалық және республикалық маңызы бар қалалардың оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілген әдістемелік құралдардың, элективті курстардың, факультатив курстарының авторы</i>

2.4 Педагогтің кәсіби шеберлігі мен жетістіктерін бағалау

Келесі кезеңде «Зерттеу қызметі» бөлімшесі бойынша платформаға жүктелінетін материалдар:

- ✓ мақалалар;
- ✓ баяндамалар;
- ✓ шығармашылық есептер;
- ✓ ғылыми-практикалық конференциялардағы жарияланған зерттеу материалдары.

Сондықтан осы бөлімшеде ғылыми мақалалардың мазмұнын не құрайды, олар қалай ресімделетіні туралы ақпарат берілді. Көп жағдайда ғылыми мақалаларда зерттеу нәтижесі жарияланады. Жарияланым ғылыми мақала ретінде ресімделеді. Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Орта білім беру ұйымдарының педагогтерін әдістемелік сүйемелдеу» әдістемелік ұсынымдамада мақаланы жариялау бойынша «... алдымен, зерттеуді мақала

ретінде жариялаудың өзектілігі дәйектеледі. Ғылыми мақаланың ресімделуі, құрылымдауы бойынша қалыптасқан тәртібі бар. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда зерттеу нәтижесін баяндаудың IMRaD (аббревиатура, ағыл.: Introduction, Methods, Results, and Discussion. Қаз.: Кіріспе, Әдістер, Нәтижелер және Талқылау) деп аталатын құрылымдық форматы жиі қолданылады» -делінген. Аталған ұсынымдамада ғылыми мақаланың келесі құрылымы ұсынылған [12].

Ғылыми мақаланың жиі қолданылатын құрылымы

Аңдатпа/Абстракт

- Оқырманға мақала туралы қысқа ақпарат береді, қызықтырады

Сонымен қатар, мақаланы дайындау барысында, ең біріншіден, педагог зерттеу тақырыбына үлкен назар аударуы тиіс. Өйткені бұл – күрделі процесс және тақырып мақаланың негізін құрайды. Тақырыпты таңдау барысында келесілерге назар аударылады:

- 1) Оқу немесе тәрбие барысында, яғни күнделікті жұмыс барысында толғандыратын мәселеге педагог тоқталады;
- 2) Қарастырып отырған мәселе не себепті өзекті екенін ашады;
- 3) Содан кейін мәселенің шешу жолдарын қарастырады, зерттейді;
- 4) Оқу процесіне немесе тәрбиеге ықпал ететін факторларды зерделейді;
- 5) Аталған мәселе бойынша әдебиетке шолу жасайды;
- 6) Жинақталған теорияға тұжырым жасайды немесе бар болған жағдайда өзінің ғылыми әдебиетке қосқан үлесін жазады;
- 7) Практикалық маңыздылығы қарастырылады.

Ғылыми мақалада жоғарыда көрсетілген құрылым міндетті түрде болуы тиіс. Келесі кезеңде педагогтерде «Зерттеу қызметі» бойынша қандай

көрсеткіштер және қалай бағаланатыны жөнінде түсінік қалыптастыру үшін, төмендегі сызбада жарияланымдардың бағалау парақтарын ұсынамыз.

Соңғы 3 (үш) жылдағы жарияланымдар	
1.	<i>Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдар тізбесіне кіретін жарияланым бар</i>
2.	<i>Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында білім беру және тәрбие саласында жарияланым бар</i>
3.	<i>Білім және тәрбие саласында республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында немесе республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланым бар</i>
4.	<i>Облыстық ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында немесе облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында білім беру және тәрбие саласында жарияланым бар</i>

Соңғы 3(үш) жылдағы жарияланымдарды платформаға жүктегеннен кейін, төмендегі құжаттар жүктелінеді:

«Педагогтің сараптамалық немесе жобалау қызметі» бойынша:

- TV-сабақтарды растайтын сертификаттар, бұйрықтар;
- TV-сабақтарының сілтемесі;
- сараптамалық не жұмыс тобына қатысқаны туралы анықтама.

«Тәрбие жұмысының және сабақтан тыс іс-әрекет бағыттары бойынша материалдар» бөлімінде келесі сабақтан тыс іс-шаралар материалдары жүктеледі:

- "Оқуға құштар мектебі" жобасы;
- "Дебаттық қозғалыс";
- "Мектепшілік/студенттік өзін-өзі басқару" жобасы;
- кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша;
- экологиялық;
- еңбек;
- адамгершілік тәрбие материалдары;
- ата-аналармен өзара іс-қимыл бойынша материалдар;
- волонтерлік қызмет.

Жоғарыда көрсетілген «Тәрбие жұмысының бағыттары» бойынша «Волонтерлік қызмет» бөлімшесінде қайырымдылық іс-шаралар сілтемелері мен құжаттар тіркелінеді. Нақтырақ айтқанда, соңғы 3 (үш) жылда қайырымдылық іс-шараларына қатысу (web-ресурстарда және әлеуметтік желілерде) ақпаратты орналастыру қажет.

«Үздік педагог» атағын беру конкурсының қатысушыларының арасынан кейбір педагогтер сынып жетекшісі қызметін атқарады, ал кейбіреулері тек қана пән бойынша сабақ жүргізеді. Сондықтан үміткерлер арасында тәрбие жұмысы бойынша бірегей көзқарас қалыптастыру мақсатында тәрбие жұмысының бағыттары бойынша төменде ақпарат ұсынылды. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2024 жылдарға арналған тұжырымдамада «Еліміздің білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: рухани-танымдық тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасылық тәрбие; қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру» - делінген.

Білім алушыларды тәрбиелеу ісі жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын ескеріліп жүзеге асырылады. Осыған орай зиялы қауым өкілдері мен педагогтер білім алушылардың және жастардың арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді және оларға отбасы құндылықтары, Отанға деген сүйіспеншілік кеңінен насихатталып жүр.

Білім беру ұйымдарында отбасылық құндылықтарды дәріптеу және оны сақтаудың маңыздылығына назар аударту мақсатында жыл сайын әртүрлі жүйелі жобалар мен тәрбиелік іс-шаралар жүзеге асырылады. Сонымен, қыркүйек айының әр екінші жексенбісінде ақсақалдар кеңесі, әжелер кеңесі, әкелер кеңесі, аналар кеңесі, қамқоршылар кеңесі мүшелерінің қатысуымен Отбасы күні аталып өтеді. Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері орта білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысы жоспарына және пәндердің оқу бағдарламасы мазмұнына енгізілген.

Ата-аналардың республикалық қоғамдық кеңесінің қызметіне қолдау көрсету мақсатында 2022 жылдан бастап «Отбасы – мектеп», «Мектеп өмірінен бір күн» ұзақ мерзімді жобалары іске асырылуда.

Еліміздегі білім беру ұйымдарында «Ата-ана мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» бастамалары іске асырылуда. Сонымен қатар білім беру ұйымдарында өскелең ұрпаққа идеологиялық тәрбие беру бойынша жұмыстар жүргізіледі. Өскелең ұрпаққа идеологиялық тәрбие беру аясында «Білім-инновация» лицей-интернаттары мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – "НЗМ" ДББҰ) білім алушыларды тәрбиелеу және оқыту жүйесінің тәжірибесін енгізу жалғасады.

Білім беру ұйымдары білім алушыларға сыныптан тыс жұмыстарда экологиялық тәрбие беру үшін ақпараттық-экологиялық, әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізіледі: акциялар, көрмелер, мектепті және оған іргелес аумақты ең жақсы көгалдандыруға арналған конкурс, экологиялық бастамалар,

жергілікті тұрғындарға экологиялық білім беру. 2021 жылы Эко-фестиваль өткізіліп, онда қоршаған ортаның өзекті мәселелері бойынша ғылыми жобалар қорғалды, көркемдік нысандарды қоқыстардан қорғау бойынша семинарлар өткізілді, театрландырылған қойылымдар қойылды, эко-материалдарды, қайта өңделген материалдарды қолдану арқылы өнімдер шығару жобалар әзірленді. Қазіргі уақытта республикада 9 325 білім алушыны қамтитын 13 жас натуралист станциялары мен орталықтары жұмыс істейді, 3 789 экологиялық бағыттағы мектеп үйірмелерінде 67 755 білім алушы айналысады.

Білім беру ұйымдарында өскелең ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизмді және белсенді азаматтық ұстанымын дамыту үшін «Жасыл экономика», «Қоршаған ортаны қорғау», «Менің Отаным, менің қалам/ауылым» және басқада қоғамдық пайдалы жұмыстарға білім алушыларды тарту ауқымы кеңейтілуде. Білім алушылардың азаматтық белсенділігін дамыту оларды дебаттық қозғалыстарға, мектептік және студенттік өзін-өзі басқаруға, «Жас қыран», «Жас ұлан», «Жас сарбаз» сынды балалар-жасөспірімдер қозғалыстарына тарту арқылы қолдау көрсетіледі. Республикада 6 727 дебат клубы жұмыс істейді.

«Жас ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымы шеңберінде еріктілер қозғалысы дамып келеді. Бүгінгі таңда аталған ұйымға 3 484 139 оқушы, оның ішінде «Жас Қыран» ұйымына 1 158 034 бастауыш сынып оқушысы, «Жас Ұлан» ұйымына 1 394 707 жоғары сынып оқушысы қабылданған. Дегенмен де білім беру ұйымдарында «Жас ұлан», «Жас қыран» балалар-жасөспірімдер қозғалысын дамытуды қажет етеді.

2020 жылы «Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясын қамтыған «Ұлы дала мұрагерлері» жобасы, «Тарих тағылымы» және «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобалары, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» («Қазақстанның киелі географиясы») жобасы жүзеге асырылды. Білім беру ұйымдарындағы өзін-өзі басқару білім алушылардың көшбасшылық дағдыларын және сыни ойлауын дамытуға, өмірге жағымды көзқарасын қалыптастыруға ықпал ететін қоғамдық өмірді ұйымдастырудың демократиялық тәсілдерінің бірі. Сондай-ақ білім беру ұйымдарында мектептік және студенттік дебаттарды өткізу жұмыстары белсенді жүргізілуде. Дебат білім алушылардың сыни ойлау, ақпаратты іздеу және талдау, өз пікіріне дәлелдемелер келтіріп негіздеу, командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

2020 жылы республикада 4 405 мектептік және студенттік клубтарда 66186 дебатқа қатысушы болса, 2022 жылы дебаттық қозғалыстар 54 758 қатысушымен, 2 373 дебат клубтарымен толықты [13].

Қорытындылай келе, Конкурсқа қатысушы тәрбие жұмысы бойынша рухани-танымдық, отбасылық, қазақстандық патриотизм, еңбек, экологиялық, дене тәрбиесі және т.б. бойынша облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерде өткізілген іс-шараларды дәлелдейтін құжаттарды (сертификаттар, куәлік, анықтамалар т.б.) жүктеу қажет.

Келесі кестеде тәрбие жұмысы және сабақтан тыс қызметті бағалау критерийлері ұсынылды.

Тәрбие жұмысы және сабақтан тыс қызмет		
1.	<i>Жобаны іске асыру және оның нәтижелілігін ұсыну (гранттар, сертификаттар, Web (фөб) сайттарға сілтемелер)</i>	
2.	<i>"Оқу мектебі" жобасы бойынша, кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша дебат қозғалысына қатысудың нәтижелілігі (бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, Web (веб) сайттарда ақпаратты орналастыру)</i>	
Тәрбие жұмысы және сабақтан тыс қызмет бойынша басқа ұйымдармен ынтымақтастық		
1.	<i>Халықаралық деңгейде тәрбие жұмысы және сабақтан тыс қызмет бойынша басқа ұйымдармен ынтымақтастық</i>	3
2.	<i>Республикалық деңгейде тәрбие жұмысы және сабақтан тыс қызмет жөніндегі басқа ұйымдармен ынтымақтастық</i>	2
3.	<i>Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астана деңгейінде тәрбие жұмысы және сабақтан тыс қызмет жөніндегі басқа да ұйымдармен ынтымақтастық</i>	1
Волонтерлік қызмет		
1.	<i>Волонтерлік және қайырымдылық қызметке белсенді қатысу</i>	3

«Үздік педагог» конкурсының талаптарына сәйкес Министрлік тарапынан өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Конкурс қатысушылары өздері құжаттарды (материалдарды) ақпараттық жүйеге жүктейді.

Конкурстың I кезеңіне қатысу үшін қатысушы нысан бойынша электронды форматта мынадай құжаттарды (материалдарды) ұсынады:

1) оқыту тіліндегі портфолионы;

2) сабақ (оқу) жоспарын ұсына отырып, ұзақтығы 7 (жеті) минут бейнесабақ (мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін), ұзақтығы 15 (он бес) минут бейнесабақ/оқу (орта, арнайы, қосымша білім беру, техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін); сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейнероликке қойылатын талаптар мен техникалық шарттарға сәйкес озық педагогикалық тәжірибені (ұзақтығы 5 (бес) минутқа дейінгі бейнеролик) трансляциялады;

3) Министрлік айқындаған тақырыптардың біреуі бойынша 500 (бес жүз) сөзден аспайтын эссені және Конкурсқа қатысу жөнінде өтінімді жүктейді.

Конкурсқа ұсынылған материалдарда плагиат анықталған жағдайда Комиссия педагогке **Конкурстың келесі кезеңінен шеттетілгені туралы** хабарлайды. Еркін нысанда хабарлама педагогтің жұмыс орны бойынша білім беру ұйымына жіберіледі.

Конкурстың I кезеңі ағымдағы жылғы қыркүйекте өткізіледі, онда II кезеңге қатысу үшін Конкурстық комиссия ұсынған аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қалалар) деңгейінде Конкурс жеңімпаздары айқындалады.

Конкурстың I кезеңіндегі педагогтерінің құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін Бөлім басшысының бұйрығымен аудан, қала (облыстық,

республикалық маңызы бар қалалар) деңгейінде Өңірлік комиссия құрылады. Өңірлік комиссия Конкурстың I кезеңінің қатысушыларының конкурстық құжаттарын (материалдарын) бағалайды.

Жалпы, "Үздік педагог" атағын беру конкурсының I кезеңіне келесі құжаттар ұсынылады:

- өтінім;
- портфолио;
- білім алушылардың жетістіктері(соңғы үш жылғы);
- педагогтің жетістіктері (соңғы үш жылғы);
- мақұлданған авторлық бағдарлама (бар болса);
- конференция, семинарларда қатысқанын растайтын құжаттар;
- бейнесабак қысқа мерзімді жоспарымен (7/15 минуттік);
- үздік педагогикалық практиканы трансляциялау бойынша 5

минуттік бейнеролик;

- эссе.

2.6 Конкурстың I кезеңі бойынша педагогтердің құжаттарын (материалдарын) бағалау

Жоғарыда «Үздік педагог» конкурсы үш кезеңнен тұратыны аталды. Әр кезең бойынша Комиссия тағайындалады – білім беру ұйымында, аудан, облыс және республика көлемінде. Комиссия мүшелері алдыңғы бөлімде көрсетілген материалдармен (портфолио, педагогтің, білім алушылардың жетістіктері, авторлық бағдарлама, бейнесабак және бейнеролик) танысады, зерделейді және қорытынды жасап, балл қояды.


Комиссия мүшелерінің ұстанымдары:

- алқалық;
- объективтілік;
- жариялылық, ашықтық.

«Үздік педагог» конкурсының үш кезеңнің Комиссиясы келесі тәртіппен құрылады:

Конкурстың I кезеңі педагогтерінің құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін Бөлім басшысының бұйрығымен аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қалалар) деңгейінде Өңірлік комиссия құрылады.

Өңірлік комиссия Конкурстың I кезеңінің қатысушыларының конкурстық құжаттарын (материалдарын) бағалайды.



Өңірлік комиссия аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалар) Бөлімнің қызметкерлері, педагог-шеберлер, педагог-зерттеушілер, педагогикалық шеберлік кәсіби конкурстарының жеңімпаздары, әдістемелік қызметтер, білім беру саласындағы ғылыми және талдамалық ұйымдардың қызметкерлері (сарапшылары), сондай-ақ білім беру саласындағы үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

Өңірлік комиссияның төрағасы мен төраға орынбасары Өңірлік комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Өңірлік комиссияның хатшысы кадр қызметінің өкілі болып табылады және ауданның, қаланың (облыстық, республикалық маңызы бар қаланың) білім беруді басқару органының актісімен тағайындалады, Өңірлік комиссияның хатшысы оның мүшесі болып табылмайды және шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ.

Өңірлік комиссия мүшелерінің саны кемінде тоғыз адамды құрайды. Өңірлік комиссияның отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде заңды деп есептеледі.

Бұл бөлімшеде конкурстың екінші және үшінші кезеңдері қарастырылады.

"Үздік педагог" атағын беру конкурсының II кезеңін өткізу тәртібі


"Үздік педагог" атағын беру конкурсының II кезеңі келесі тәртіппен өткізіледі:

- Конкурстың I кезеңінің нәтижелері бойынша жеңімпаздар II кезеңге қатысуға жіберіледі;


- Конкурстың II кезеңін өткізу туралы хабарландыруды облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармасы (бұдан әрі – Білім басқармасы) Министрліктің ақпараттық жүйесінде Конкурстың II кезеңін өткізу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын орналастырады;

- Конкурстың II кезеңі педагогтерінің құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде Өңірлік комиссия құрылады, оның құрамы облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың, сондай-ақ астананың Білім басқармаларының бұйрығымен бекітіледі (бұдан әрі – II кезеңнің Өңірлік комиссиясы).


II кезеңнің Өңірлік комиссиясы облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың, сондай-ақ астананың Білім басқармалары (бұдан әрі – Білім басқармалары) қызметкерлерінен, педагог-зерттеушілерден, педагог-шеберлерден, педагогикалық шеберлік кәсіби конкурстарының жеңімпаздарынан, әдістемелік қызметтер, білім беру саласындағы ғылыми және талдамалық ұйымдардың қызметкерлері (сарапшыларынан), сондай-ақ білім беру саласындағы үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа да өкілдерінен қалыптастырылады.



II кезеңнің Өңірлік комиссиясы мүшелерінің саны кемінде жиырма адамды құрайды. Өңірлік комиссияның отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде заңды деп есептеледі.



II кезеңнің Өңірлік комиссиясы Конкурстың II кезеңі жеңімпаздарының құжаттарын (материалдарын) және Министрліктің ақпараттық жүйесіне орналастырылған материалдарды қарайды және бағалайды.



II кезеңнің Өңірлік комиссиясы шешімінің қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған 10-ға дейін Конкурста қатысушы Конкурстың II кезеңінің жеңімпаздары болады.

Конкурстың II кезеңінің жеңімпаздарына облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың "Үздік педагог" атағы беріліп, куәлік тапсырылады.

Конкурстың II кезеңінің қорытындылары Конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ Министрліктің ақпараттық жүйесіне орналастырылады.

"Үздік педагог" атағын беру конкурсының III кезеңін өткізу тәртібі

Конкурстың III кезеңі ағымдағы жылғы қараша айында өткізіледі, онда Конкурстың жеңімпаздары анықталады.

Конкурстың II кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпаздар III кезеңге қатысуға жіберіледі.

Конкурстың III кезеңі екі тур бойынша өткізіледі:

Бірінші тур	
Республикалық мүшелерінің қатысушылардың қарауы	комиссия Конкурса материалдарын

Екінші тур	
Республикалық мүшелерінің анықтаған білім беру күндізгі форматта қатысушы сабақты/оқуды бағалауы.	комиссия Министрлік ұйымында Конкурса өткізетін

Конкурстың III кезеңінің бірінші турында Республикалық комиссия Министрліктің ақпараттық жүйесінде орналастырылған Конкурстың II кезеңі жеңімпаздарының материалдарын қарайды.

Конкурстың III кезеңінің екінші турына бірінші турда жинаған балдарына қарамастан барлық қатысушылар жіберіледі. Конкурстың III кезеңінің екінші турында Республикалық комиссия Конкурса қатысушылардың білім беру ұйымдарында күндізгі форматта өткізетін сабақтарын (оқуларын) бағалайды (өткізілетін орынды Министрлік айқындайды). Бағалауды **"Үздік педагог" атағын беру конкурсының** Қағидаларының 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша үміткердің жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес Республикалық комиссияның барлық мүшелері жеке және бір-біріне тәуелсіз жүргізеді. Конкурстың үшінші кезеңіне өткен педагогтер Астана қаласына келіп, Министрлік тарапынан дайындаған кестеге сәйкес және тақырыптық күнтізбелік жоспарға, сонымен қатар, қысқа мерзімді жоспарға сәйкес үздік сабақ өткізеді. Әр пән бойынша мектеп, сынып, өткізілетін сабақтың реттілігі анықталып, Комиссияның барлық мүшелері сабаққа қатысып, сабақтың бағалау парақтарын толтырады. Сабақтар келесі критерийлер бойынша бағаланады:

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы оқу қызметін (бұдан әрі – ОҚ) бағалау – сабақ (оқу)	
1.1 Оқу қызметінің мақсаттарын қою	
	<i>Нақты және қол жеткізуге болатын мақсаттар</i>
	<i>Мақсаттарға ішінара қол жеткізілді</i>
1.2 Оқыту әдістері (барлық тармақтар бойынша балл қоюға болады)	
	<i>Оқытудың белсенді әдістерін қолдану</i>
	<i>Оқыту әдістері қойылған мақсаттарға сәйкес келеді</i>

	<i>Оқыту әдістері оқушылардың танымдық дағдыларын дамытуды білдіреді</i>	
1.3 Формативті бағалау жүргізу		
	<i>Формативті бағалау құралдарын біледі және тиімді қолданады</i>	
	<i>Формативті бағалау құралдарын біледі, бірақ шебер қолдана алмайды</i>	
	<i>Формативті бағалау құралдарын тиімсіз қолданады</i>	
1.4 Педагогтің вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдылары		
	<i>Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын меңгерген</i>	
	<i>Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын ішінара меңгерген</i>	
	<i>Білім алушыларды оқу материалын меңгеруге ынталандыратын ресурстарды, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану</i>	
	<i>Ресурстарды, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқу материалын көрсетумен шектеледі</i>	

Құрметті конкурса қатысушы педагог!

Осы бөлімшеде сабақты бағалау критерийлеріне назар аударылды және 1(бір) кейс ұсынылды. Бірінші кейсте сабақты бағалау бойынша, яғни педагогтердің 3(үшінші) кезеңіндегі күндізгі форматта сабақты өткізу барысында назар аударылатын аспектілер көрсетілген. Бұл кейсті «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» ДББҰ Педагогикалық өлшемдер орталығы директорының орынбасары **Вильданова Сауле Аифовна** әзірледі.

1-кейс Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында сабақты бағалау

Сабақты жоспарлау

Сабақты жоспарлау кезінде білім алушылардың қабілеттерін дамытуды ескере отырып, барлығының бір сабақ аясында оқу мақсатына жетуі үшін нақты және қолжеткізуге болатын мақсаттарды тұжырымдау маңызды, яғни бір сабақ аясында нәтижелерді көруге болатындай күтілетін нәтижелерді (бағалау критерийлерін) анықтау керек.

Күтілетін нәтижелерді анықтау қандай іс-әрекеттер (атау, анықтау, көрсету, түсіндіру және т.б.) арқылы білім алушының оқу мақсатына қол жеткізу керек екендігін нақты тұжырымдауға, сондай-ақ білім алушылардың/тәрбиеленушілердің сабақтағы әрекеті мен жұмысын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Бағалау критерийлері оқу мақсаттары негізінде құрастырылады, оқу мақсатында көрсетілген дағдылар мен білімді қамтиды, ойлау деңгейіне сәйкес келеді, қолжетімді және түсінікті түрде тұжырымдалады, жоспарда «жеңілден күрделіге қарай» қағидаты бойынша орналасады. Критериалды бағалау жүйесінде ойлау дағдыларының деңгейлері үш топпен ұсынылған. [14]

1-кесте 1. Ойлау дағдыларының деңгейлері

Ойлау дағдыларының деңгейлері	Дағдылар	Дағдылар сипаттамасы
Білу және түсіну	Білу	Нақты фактілерді, ақпараттарды және олардың сипаттамасын білу және еске түсіру.
	Түсіну	Ақпаратты түсіну, болжау немесе интерпретациялау арқылы түсінігін көрсету.
Қолдану		Ақпаратты және алдыңғы алынған білімді жаңа немесе бейтаныс мәнмәтінде немесе жағдайларда пайдалану және қолдану.
Жоғары деңгей дағдылары	Талдау	Ақпараттық материалдарды құрамдас бөліктерге бөлу, себептерді немесе мотивтерді, ой-тұжырымдарды анықтау жолымен әртүрлі қорытынды алу үшін ақпаратты зерделеу және/немесе жалпы ереже-қағидаларды негіздеу үшін дәлелдерді табу қабілеттерін көрсету.
	Жинақтау	Бұрын алынған білімнің әртүрлі бөліктерін жаңа мәнмәтінде қайта құру қабілетін көрсету.
	Бағалау	Белгілі бір критерийлер бойынша идеялар немесе фактілердің маңыздылығы туралы ой-пікір қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелерді анықтау қандай іс-әрекеттер (атау, анықтау, көрсету, түсіндіру және т.б.) арқылы білім алушының оқу мақсатына қол жеткізу керек екендігін нақты тұжырымдауға, сондай-ақ білім алушылардың/тәрбиеленушілердің сабақтағы әрекеті мен жұмысын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Бағалау критерийлері оқу мақсаттары негізінде құрастырылады, оқу мақсатында көрсетілген дағдылар мен білімді қамтиды, ойлау деңгейіне сәйкес келеді, қолжетімді және түсінікті түрде тұжырымдалады, жоспарда «жеңілден күрделіге қарай» қағидаты бойынша орналасады. Критериалды бағалау жүйесінде ойлау дағдыларының деңгейлері үш топпен ұсынылған. [14]

1-кесте 1. Ойлау дағдыларының деңгейлері

Ойлау дағдыларының деңгейлері	Дағдылар	Дағдылар сипаттамасы
Білу және түсіну	Білу	Нақты фактілерді, ақпараттарды және олардың сипаттамасын білу және еске түсіру.
	Түсіну	Ақпаратты түсіну, болжау немесе интерпретациялау арқылы түсінігін көрсету.
Қолдану		Ақпаратты және алдыңғы алынған білімді жаңа немесе бейтаныс мәнмәтінде немесе жағдайларда пайдалану және қолдану.
Жоғары деңгей дағдылары	Талдау	Ақпараттық материалдарды құрамдас бөліктерге бөлу, себептерді немесе мотивтерді, ой-тұжырымдарды анықтау жолымен әртүрлі қорытынды алу үшін ақпаратты зерделеу және/немесе жалпы ереже-қағидаларды негіздеу үшін дәлелдерді табу қабілеттерін көрсету.
	Жинақтау	Бұрын алынған білімнің әртүрлі бөліктерін жаңа мәнмәтінде қайта құру қабілетін көрсету.
	Бағалау	Белгілі бір критерийлер бойынша идеялар немесе фактілердің маңыздылығы туралы ой-пікір қалыптастыру.

Сабақ мақсаттарын қою бойынша мысал қарастырайық.

Биология пәні.

Оқу мақсаты: «8.1.5.1 - адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылымы мен қызметін сипаттау».

Сабақ мақсаттары:

- Барлығы: адамның зәр шығару жүйесінің мүшелерін атайды..
- Көпшілігі: зәр шығару мүшелерінің құрылымын біледі.
- Кейбіреулері: зәр шығару мүшелерінің құрылымы мен қызметін толық талдайды.

Білім алушыларды «барлығы», «көпшілігі», «кейбіреулері» деп бөлу сабақ мақсаттарының саралануын көрсетеді, бірақ оларды оқу мақсатымен байланыстыру маңызды. Ең алдымен, әр білім алушы оқу мақсаттарына жетуі керек, себебі мақсаттар міндетті білім беру стандартымен анықталады. Мұнда оқушылардың білімі жеткілікті ескерілмеген: білім алушылар тақырыпты алдыңғы сыныптарда оқығандықтан, сабақта бірнеше оқу мақсатын жоспарлауға болады. Оқытудың мазмұнын қарапайымнан күрделіге дейін дамыту керек. Яғни, оқу-танымдық үдерісте зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылымы мен қызметтерін сипаттаудан бастап талдауға дейінгі даму ескерілуі керек. Сабақтың «Зәр шығару мүшелерінің құрылымын білу» мақсатын өлшеу қиын, себебі білімді өлшейтін әрекеттер белгіленбеген. Білім алушылардың кейбіреулері үшін тұжырымдалған мақсаттың осы сабақта қол жетімді екендігін және оны өлшеуге болатындығын көрсету үшін нақтылау қажет. Бұл жағдайда «8.1.5.1 – адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылымы мен қызметін сипаттау» оқу мақсатының күтілетін нәтижесі Блум таксономиясы бойынша ойлау дағдыларының «түсіну» деңгейіне сәйкес дағды болып табылады. Сабақ мақсаттары келесідей тұжырымдалуы мүмкін:

- адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылымы мен қызметін сипаттайды;
- адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылымы мен қызметінің сәйкестігін анықтайды;
- ағзадағы зат алмасу өнімдерінің маңыздылығын негіздейді, зәр шығару жүйесі ауруларының алдын алу жолдарын ұсынады.

Осылайша, оқу үдерісі қарапайымнан күрделіге ауысады және білім алушыларды зерттеуге тартуды қарастырады.

Сабақтың мақсаттарына сәйкес тапсырмалар ұсынуға болады:

1. Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылымы мен қызметін түсіндіру.
2. Адамның зәр шығару жүйесінің мүшелері мен олардың қызметтерін топтастыратын кластер жасау.

3. Адамның зәр шығару жүйесінің маңыздылығы туралы дәлелдер келтіру, зәр шығару жүйесі ауруларының алдын алу жолдарын ұсыну.

Жоспарлау кезінде білім алушылардың қажеттіліктері мен жас ерекшеліктерін ескеру, білім алушылардың жаңа тақырып мәнмәтінінде бар білімдерін басшылыққа алу, білімді қалай кеңейту және тереңдету (бастапқы бар білімді одан әрі дамыту) керек екенін ойлану, барлық білім алушылардың оқу мақсатында талап етілетін деңгейге (стандартқа қол жеткізу әрекеттеріне) қол жеткізулеріне ықпал ету қажет. Білім алушылардың қабілеттері мен зерттеушілік дағдыларын дамыту мақсатында сараланған, проблемалық-жағдаяттық оқытуды, авторлық технологияларды қолдануды ойластыру қажет.

Бүгінгі таңда білім алушылардың мүмкіндіктерін сыртқы және ішкі саралауға негізделген оқыту жүйесін қолдану өзекті болып табылады. Мұндай оқыту жүйесі әрбір оқушыға қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес білім алуға мүмкіндік береді. Сабақты құрылымдауда қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсетуге болатындай, ал қабілетті оқушылардың білімін одан әрі кеңейтіп, тереңдетуге болатындай етіп жоспарлауды ескеру қажет.

Саралау:

- әркімнің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес оқыту
- оқытуды түрлі топ ерекшеліктеріне қарай бейімдеу
- саралаудың оқу нәтижелерін жоспарлауға негізделуі
- қажетті дайындық деңгейін нақты ажырату (білім беру стандарты)
- оқу материалын меңгерудің жоғары деңгейін дамыту
- А, В, С деңгейлік тапсырмалары (А тобының білім алушылары алдыңғы білімді жаңа жағдайларда қолдана алады. Орындалу қадамдары көрсетілген жұмыстар ұсынылады. Вариативті тапсырмалар мен шығармашылық жұмыстар ұсынылады. В тобының білім алушылары стандартты тапсырмаларды орындауда өз білімдерін қолдана алады. Орындалу қадамдары көрсетілген жұмыстар ұсынылады. Вариативті тапсырмалар мен шығармашылық жұмыстар ұсынылады. С тобындағы білім алушылар тапсырмаларды өз бетінше орындай алмайды. Тапсырмаларды орындау үлгісі қолданылады).

Деңгейлік-саралау оқыту кезінде келесілерге назар аудару ұсынылады:

- барлық білім алушыларға бірдей тапсырмалардың берілуі;
- саралау әдісі арқылы қолдаудың көрсетілуі (мысалы, егжей-тегжейлі қадамдық

нұсқамалар, үлгілер және т.б. беру арқылы).

Зерттеу дағдыларын дамытудың негізгі құралы зерттеу тапсырмасы болып табылады. Зерттеу тапсырмаларында зерттеу міндеті қойылады, яғни тақырып бойынша кез-келген мәселе қарастырылады және өз бетінше әрекеттер ұйымдастырылады.

Бүгінгі таңда білім алушылардың мүмкіндіктерін сыртқы және ішкі саралауға негізделген оқыту жүйесін қолдану өзекті болып табылады. Мұндай оқыту жүйесі әрбір оқушыға қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес білім алуға мүмкіндік береді. Сабақты құрылымдауда қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсетуге болатындай, ал қабілетті оқушылардың білімін одан әрі кеңейтіп, тереңдетуге болатындай етіп жоспарлауды ескеру қажет.

Саралау:

- әркімнің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес оқыту
- оқытуды түрлі топ ерекшеліктеріне қарай бейімдеу
- саралаудың оқу нәтижелерін жоспарлауға негізделуі
- қажетті дайындық деңгейін нақты ажырату (білім беру стандарты)
- оқу материалын меңгерудің жоғары деңгейін дамыту
- А, В, С деңгейлік тапсырмалары (А тобының білім алушылары алдыңғы білімді жаңа жағдайларда қолдана алады. Орындалу қадамдары көрсетілген жұмыстар ұсынылады. Вариативті тапсырмалар мен шығармашылық жұмыстар ұсынылады. В тобының білім алушылары стандартты тапсырмаларды орындауда өз білімдерін қолдана алады. Орындалу қадамдары көрсетілген жұмыстар ұсынылады. Вариативті тапсырмалар мен шығармашылық жұмыстар ұсынылады. С тобындағы білім алушылар тапсырмаларды өз бетінше орындай алмайды. Тапсырмаларды орындау үлгісі қолданылады).

Деңгейлік-саралау оқыту кезінде келесілерге назар аудару ұсынылады:

- барлық білім алушыларға бірдей тапсырмалардың берілуі;
- саралау әдісі арқылы қолдаудың көрсетілуі (мысалы, егжей-тегжейлі қадамдық нұсқамалар, үлгілер және т.б. беру арқылы).

Зерттеу дағдыларын дамытудың негізгі құралы зерттеу тапсырмасы болып табылады. Зерттеу тапсырмаларында зерттеу міндеті қойылады, яғни тақырып бойынша кез-келген мәселе қарастырылады және өз бетінше әрекеттер ұйымдастырылады.

Мысалы. «Фотосинтез» тақырыбында шағын зерттеу жүргізуге арналған тапсырма:

Мәселе: Өсімдіктің өсуі мен салмағының артуы неге байланысты?

Білім алушыға зерттеуге тапсырма беріледі: 1 кг топыраққа тал бұтасын отырғызыңыз. Бұтаны алдын ала өлшеңіз. Оны минералды заттары жоқ сумен суарыңыз. Екі аптадан кейін оның өркендері мен топырақтың салмағы қалай өзгереді. Неліктен бұлай болды?

Сабақта білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту кезінде неге назар аудару керек:

- оқу үдерісі іс-әрекет сипатында болуы керек;
- оқу үдерісі өз бетінше дамуға бағытталған;
- әрекет нәтижелері үшін жауапкершілікке бағдарлану;
- мақсат қою және оған қол жеткізу үшін жағдай жасау;
- тиімді топтық жұмысты ұйымдастыру;
- зерттеу әрекетінің кезеңдерін ұстану (зерттеу әрекетіне қызығушылық тудыру, мәселені анықтау, әрекеттің мақсатын түсіну (білім алушыны сұрақтар арқылы өзін-өзі анықтауға жетелеу), жүзеге асыру негізінде тұжырымдамаларды еске түсіру (талдау), орындау ережелерін сақтау, қадамдық алгоритмдерді (зерттеу жоспарын) құрастыру [15].

Білім алушылардың/ тәрбиеленушілердің оқу/білім жетістіктерін бағалау

Бағалау педагог пен білім алушыларға оқуды жақсарту және жетілдіру туралы шешім қабылдауға негіз болатын ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Білім алушыларды бағалау үдерісіне тарту

Педагог білім алушыларды бағалау үдерісіне тарту арқылы өзін-өзі бағалау және өзара бағалау дағдыларын дамытуға ықпал ете алады. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау үшін, мысалы, тапсырма дескрипторларының білім алушыларға қолжетімді болуы маңызды. Білім алушылар үшін бағалау қиын болмауы керек. Білім алушылар өз жұмысын және басқалардың жұмысын бағалау кезінде кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады.

Өзара бағалау мысалы: Сабақтың соңында екі сұрақты түсіндіру ұсынылады.

1) Пифагор теоремасы дегеніміз не және оны қашан қолдануға болады және қашан қолдануға болмайды?

2) Үшбұрыштың белгісіз жағын анықтау үшін теореманы қалай қолдануға болады?

Содан кейін сұрақтарға жауап іздеу мақсатында сабақ жалғасады. Сабақтың соңында жұптық интерпретация әдетте 5-10 минутқа дейін созылады. Білім алушылар жұпқа бөлінеді, мәселенің шешімін бір-біріне түсіндіреді және жауапты қалай жақсартуға болатынын айтады. Содан кейін жауап үлгілері ұсынылады. Осыдан кейін жұптар алдымен өз қателіктерін талқылайды, содан кейін бір-бірінің қателіктерін түзетеді.

Әрбір білім алушының оқу мақсаттарына жетудегі ілгерілеуін қадағалау

Педагог сабақ барысында білім алушылардың материалды қалай игеретінін бақылауы керек. Бақылау арқылы педагог білім алушылардың нені орындай алғанын және қандай қиындықтарға тап болғанын анықтайды. Күнделікті жұмыс кезінде педагогке жазбаларды жүргізу көмектеседі (формативті бағалау журналы, рефлексивті күнделік және т.б.). Оқушылардың бір сабақта оқу мақсаттарына қол жеткізуін бақылау қажет болған жағдайда, бақылау парағын (еркін формада) пайдалануға болады.

Педагог білім алушыларға оқу мақсаттарына сәйкес дайындалған бағалау критерийлері мен дескрипторларды ұсына алады немесе білім алушыларды оларды құрастыруға, талқылауға тарта алады.

Білім алушылардың сындарлы кері байланыс беруі үшін жағдай жасау

Сабақтың келесі бір міндетті элементтерінің бірі білім алушылардың бір-біріне кері байланыс берулері үшін жағымды орта қалыптастыру болып табылады. Кері байланыс оқу мақсаттарына сәйкес оқуды жақсарту үшін ұсыныстар беруге негізделеді.

Сындарлы кері байланыс қадамдары:

- не жақсы жасалғанын анықтау;
- неліктен жақсы жасалғанын түсіндіру;
- нені жақсартуға болатынын анықтау;
- қалай жақсартуға болатынын бағыттау. [16]

Кері байланыс беру үшін жағдай жасау оқудың нәтижелілігін арттырады.

Сабақты бағалау

Педагогтің сабағын бақылау кезінде назар аудару қажеттілігі бойынша қысқаша ұсыныстар ұсынылады. Педагогтердің сабақты жоспарлау және өткізу кезеңінде де осы төменде берілген ұсыныстар да пайдалы болады.

Бақылау компоненттері	Сипаттама және сұрақтар
Сабақ жоспары	<p>Оқу мақсаттарына сәйкес сабақтың мақсатын (нақты, түсінікті, қол жетімді) қою. Оқу мақсаттарына сәйкес сабақтың мақсатын қою (нақтылық, айқындық, қол жетімділік). Білім алушылардың қабілеттерін ескере отырып, оқу мақсаттарына сәйкес оқу материалын, оқыту әдістерін, ресурстарын, оқу жетістіктерін формативті бағалау тәсілдерін таңдау.</p> <p><i>Сұрақтар:</i></p> <ul style="list-style-type: none">✓ Оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелері көрсетілген бе?✓ Сабақтың мақсаттары мен мазмұнына сабақтың құрылымы, кезеңдері, уақыты сәйкес келе ме?✓ Оқу стратегиясының, бағалау құралдары мен ресурстарының білім алушылардың қажеттіліктері мен зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталғаны ескерілді ме?✓ Білім алушылардың сабақ мазмұнын түсінуін жақсарту үшін ресурстарды, АКТ-ны қолдану қалай жоспарланған?✓ Білім алушылардың ілгерілеуі қалай бақыланады? Оларды оқыту мен дамыту үшін жағдай жасалған ба?✓ Оқыту әдістері мен ресурстары сабақтың мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес келе ме?✓ Сабақ кезеңдерінің байланысы және олардың логикалық реттілігі?
Білім алушыларды сабақ мақсаттарын талқылауға және оқу үдерісіне тарту	<p>Оқыту әдістері мен материалдарының білім алушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға, жаңа дағдылар мен білімді қалыптастыруға бағытталуы. Қолданылатын оқыту стратегиялары мен ресурстарының білім алушылардың қажеттіліктері мен зерттеу дағдыларын дамытуға ықпалы. Білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін қолданылатын бағалау стратегиялары мен құралдарының тиімділігі.</p> <p><i>Сұрақтар:</i></p> <ul style="list-style-type: none">✓ Білім алушылар сабақтың мақсаттарын талқылауға тартыла ма: Сабақта мақсат қою кезеңі қалай жүзеге асырылды?✓ Білім алушылар тапсырмалар барысында олардың алдында тұрған міндеттерді түсіне ме? Білім алушылардың жаңа материалды меңгеру деңгейі?✓ Білім алушылардың қабілеттері қалай ескеріледі?✓ Оқу мақсаттарына жету үшін және білім алушылардың қабілеттері мен зерттеу дағдыларын дамыту үшін тапсырмалар қанишалықты тиімді?✓ Білім алушыларды оқыту мен олардың оқуында туындаған қиындықтардың себептері қандай?

Ресурстарды қолдану	<p>Сабақта ресурстарды қолдану.</p> <p><i>Сұрақтар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Білім алушылар ұсынылған тапсырмаларды ойдағыдай орындау үшін мүмкіндік беретін қажетті материалдармен, ресурстармен, ақпаратпен қамтамасыз етілген бе? ✓ Өзекті ресурстар пайдаланыла ма? ✓ Ресурстар зерттеу дағдыларын дамытуға қалай ықпал етеді? ✓ Білім алушылардың оқу мақсаттарына жету үшін және қабілеттерін дамыту үшін ресурстар қанишалықты тиімді? ✓ Қолданылған цифрлық білім беру ресурстары сабақ тақырыбы бойынша түсініктерін кеңейтуге және тереңдетуге қалай ықпал етті?
Бағалау	<p>Бағалау үдерісін ұйымдастыру. Педагогтің қызметі білім алушылардың оқу нәтижелерін бақылауға бағытталған; білім алушыларды сабақта оқу нәтижелерін ілгерілету үшін оларды нақты және түсінікті бағалау критерийлерін құрастыруға тартуы; білім алушылардың өз қиындықтарын анықтауы (не сәтті/сәтсіз болды және неге); педагогтердің өз бағалау формаларын (құралдарын) құрастыруы (оның ішінде бағалау қызметін жүзеге асыруға арналған веб-сервистер).</p> <p><i>Сұрақтар:</i></p> <p>Бағалау білім алушыға өзінің оқуының күшті және әлсіз жақтарын және оны жақсарту үшін әрекеттерін анықтауға көмектеседі ме?</p> <p>Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау үдерісі қалай ұйымдастырылады?</p> <p>Әрбір білім алушының ілгерілеуі қалай бақыланады және (педагог және білім алушылардың) кері байланысы қалай беріледі?</p> <p>Білім алушыларды бағалау үдерісіне тарту олардың сабақ барысында оқу жетістіктеріне қалай әсер етті?</p>
Рефлексия	<p>Рефлексия. Сабақты аяқтауды ұйымдастыру.</p> <p><i>Сұрақтар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сабақ барысында және оны аяқтау кезеңінде білім алушылардың рефлексиясы қалай ұйымдастырылған? ✓ Рефлексия сабақ мақсаттарына жету жолдарын түсінуге бағытталған ба? ✓ Педагог білім алушылардың көңіл-күйі мен эмоционалдық жағдайының рефлексиясын, іс-әрекеттің рефлексиясын, оқу материалы мазмұнының рефлексиясын қарастырады ма?

Келесі кезекте эссені қарастырамыз. Сондықтан эссе туралы ақпарат ұсынылды.

Эссе жазу

Эссе жазу дегеніміз – ол – бір тақырып аясында жазбаша түрінде педагогтердің өз көзқарасын, ойын білдіру. Ол үшін жоспар құрылады. Егерде педагогте эссе жазу дағдысы қалыптасқан болса, онда жоспар құрмай-ақ эссені жазуға болады. Эссені дұрыс жазу үшін, оның құрылымымен таныс болайық.

Эссе кіріспеден, автордың көзқарасы дәйектелетін абзацтардан (Негізгі бөлім) және жалпы ой түйінделетін қорытындыдан тұрады.

Кіріспе

Бұл бөлімде тақырыптың негізгі идеясы немесе автордың ойы бұдан әрі қалай өрбитіні көрсетіледі. Кіріспе бөлімде мәселенің тұжырымдамасы және оның маңыздылығы, риторикалық сұрақ, дәйексөз т.б. болуы мүмкін. Кіріспе бөлімінің мазмұнын мынандай бағытта өрбіту ұсынылады:

- *тақырып және эссенің мақсатын ашу;*
- *оқырманды қызықтыру;*
- *автордың тақырыпқа қатысты ұстанымын жазу;*
- *автор өз ұстанымын қалай дәйектейтінін баяндау.*

Негізгі бөлім

Бұл тарау көп жағдайда екі немесе одан да көп абзацтан тұрады. Негізгі бөлімде автордың ойы тезис арқылы ұсынылады, әр тезис дәлелдермен расталады. Әр абзацта бір тезис қарастырылады, автордың ойы дәлелдермен (факт, статистика) бекітіледі. Әдетте, негізгі бөлімдегі абзац бірнеше тармақшалардан тұрады:

- *тезис (дәлелді пікір);*
- *дәлелдеу (тезисті дәлелдеу үшін пайдаланылатын дереккөздер, фактілер);*
- *тұжырым (негізгі мәселеге ішінара жауап).*

Абзацтың бірінші сөйлемі автордың көзқарасын, ойын білдіретін тезистен басталады. Келесі сөйлемдерде сол пікірді негіздейтін дәлелдер (аргументтер) келтіріледі. Дәлелдер оқырманды қандай да бір көзқарастың шынайылығына сендіруге бағытталған фактілерді қамтиды. Бұл жағдайда статистика, өмір мысалдары, әр түрлі зерттеулердің нәтижелері, ғалымдардың пікірлері, құбылыстар мен оқиғалардың салдарлары, т.б. қарастырылады. Автордың жеке ойы, жалаң фактілер дәлел ретінде қарастырылмайды.

Қорытынды бөлім

Соңғы абзац негізгі бөлімде талқыланған мәселелерді қорытып, бір тұжырымды білдіретін сөйлемдерден тұрады. Бұл тармақта негізгі бөлімде ұсынылған және дәйектелген барлық тұжырымдар біріктіріледі. Қорытынды бөлімде мәселе қайта қайталаанады және қорытынды шешім жасалады.

Эссенің бағалау критерийлері

1. ЭССЕ (500 сөзден артық емес)
2. Эссе тақырыбын ашу
3. Тақырып толығымен ашылды
4. Тақырып ішінара ашылды
5. Өз ұстанымын қолдау үшін дәлелдер жазу
6. Жеке зерттеу нәтижелерін пайдаланады
7. Педагогикалық теорияларды немесе ұғымдарын қолданады
8. Белгілі фактілерді пайдаланады
9. Логика мен дәйектілік, тұжырымдардың болуы
10. Құрылым нормаға сәйкес келеді (кіріспе, негізгі бөлік пен қорытындының болуы)
11. Эссе қисынды және дәйекті, бірақ тұжырымы жоқ
12. Эсседе логикалық дәйектілік жоқ

Эссе туралы толық ақпаратпен Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында «Орта білім беру ұйымдары педагогтерін әдістемелік сүйемелдеу»[12] атты ұсынымдамада педагогтерге эссе жазу бойынша әдістемелік ұсынамдар берілген: <https://uba.edu.kz/qaz>

Қорытынды

Екінші бөлімде «Үздік педагог» атағын беру конкурсына қатысушының жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне тоқталып, педагогтердің еңбегі қалай және не арқылы бағалатыныны көрсетілді. Әр бағалау параметрі бойынша түсінік берілді. Құжаттар қандай тәртіппен жүктелетіні көрсетілді. Сонымен қатар, педагогтерге көмекші құрал ретінде «НЗМ» ДББҰ «Педагогикалық өлшемдер» орталығы директорының орынбасары Вильданова С.А. кейсі ұсынылды.

Егерде педагогтер ұсынған қадамдарға сәйкес жұмыс жасаса, жетістікке жетеді деген сенімдеміз.

Әр қатысушыға сәттілік!

3 Әдістемелік ұсыныстар

Бұл бөлімде «Үздік педагог» конкурсына қатысып отырған қатысушыларына Конкурстың өткізу тәртібі мен кезеңдері туралы қысқаша ақпарат ұсынылды.

Есте сақтайық!

Конкурс үш кезеңнен тұрады:

- 1) I кезең – аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалар) деңгей;
- 2) II кезең – облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астана) деңгей;
- 3) III кезең – республикалық деңгей.

Конкурс шарттары

- ✓ Конкурс материалдары талаптарға сай болуы тиіс;
- ✓ Педагогтің, білім алушылардың жетістіктері Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің №514 бұйрығына сәйкес болуы шарт;

- ✓ Конкурстың бірінші кезеңінен өте алмаған жұмыстар екінші кезеңге жіберілмейді.

Конкурстың жүлде қоры – 1000 МРП

«Үздік педагог» конкурсының жеңімпаздары ақшалай сыйақымен қоса «Үздік педагог» атағына ие болады және «Үздік педагог» төсбелгісімен марапатталады.

Конкурс материалдарын сараптамалық комиссия бағалайды.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар:

БІЛУ МАҢЫЗДЫ!

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және техникалық -кәсіптік білім беру ұйымдарында (балабақша, орта мектеп, гимназия, лицей, колледж) жұмыс жасайтын педагогтер ғана қатыса алады

Қатысушылардың педагогикалық еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауға тиіс

Үздік педагогикалық практикасы және жетістіктері бар педагогтер болуы қажет

Қатысушыларға қойылған талаптар мен орындалуы тиіс шарттар:

Мектепке дейінгі, орта, арнайы, қосымша білім беру, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен/ тәрбиеленушілердің соңғы 3 жылдағы жетістіктері

Мектеп және колледж педагогтерінің 15 минуттік бейнесабағы. Балабақшалардағы ұйымдастырылған оқу қызметі(7 минуттік)

Педагогтің эссесі

Үздік тәжірибелерді тарату бойынша 5 минуттік бейнеролик

Жоғарыда көрсетілген шарттар бойынша және реттілікпен Конкурсқа қатысушы өзінің құжаттарын келесі ссылака teachercontest.iac.kz бойынша жүктейді.

Мектепке дейінгі ұйымдарының педагогтері (әрі қарай МДҰ) үшін ҰСЫНЫМДАР

«Үздік педагог» конкурсына мектепке дейінгі ұйым педагогтері де қатысады және байқаудың алғашқы екі деңгейінен өткен жағдайда республикалық кезеңге жолдама алады.

Конкурс шарттары

Конкурс талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйым қатысушыларында келесі нәтижелер болуы шарт:

- халықаралық байқаулар жетістіктері;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №514 бұйрығындағы тізімдемеге сәйкес байқаулар нәтижелері;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі – Институт) балабақша тәрбиеленушілеріне арналған жоспарлы байқауларының жетістіктері.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығымен бекітілген «Үздік педагог» атағын беру қағидаларының 4-қосымшасында үміткердің жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштері берілген. Көрсеткіштердің ішінде халықаралық байқаулардағы жетістіктерінен бөлек, Институттың жоспарындағы тәрбиеленушілерге арналған байқаулардың нәтижелері ескерілетіні жазылған.

Байқау ережелері Институттың <http://irrd.kz/> сайтында орналастырылған. Оның ішінде тәрбиеленушілердің өздері немесе ата-аналарымен бірге қатысуына болатын келесі байқаулар бар:

1. «Шымырлық пен шеберлік күні» Наурыз мерекесіне орай балалардың түрлі әрекет түріне негізделген шығармашылық байқау.
2. «Әжем, анам және мен» аналар мерекесіне арналған отбасылық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу байқауы.
3. «Мен зерттеушімін» республикалық мектеп жасына дейінгі балалар байқауы.
4. «Өнерлі бала» республикалық балалар шығармашылығы байқауы (би, ән айту, мәнерлеп оқу және басқа).
5. «Ана тілім - айбыным» Қазақстан халқының Тілдері күніне орай шығармашылық байқау.
6. «Ән шырқайық бәріміз» Республика күніне арналған патриоттық әндер байқауы.
7. «Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру кезіндегі бейнебаян, фото-сюжеттер байқауы.
8. «Балаларға базарлық» кітап бұрышын ұйымдастыру байқауы.
9. «Әкем – асқар тауым» әкелердің тәрбие мектебін дәріптеу байқауы.

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығымен

бекітілген тізбеге енген «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» және «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» республикалық байқауларына қатыса отырып, кәсіби педагогикалық қызметтегі өз жетістіктерін, балалармен өз жұмысының, ата-аналармен бірлескен жұмысының нәтижелерін көрсете алады. Сонымен бірге, аталған №514 бұйрықтағы тізімдемеде мектепке дейінгі ұйым педагогтері қатыса алатын басқа да жалпы байқау түрлерінің бар екенін назарға саламыз. Солардың ішінен нақты 20 әр түрлі байқаулардың тізбесі берілді. Бұл алдағы уақытта «Үздік педагог» конкурсына қатысқысы келетін үміткерлер үшін мүмкіндік.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің шығармашылық шеберлігіне арналған іс-шаралар тізілімі:

1. «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі»;
2. «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»;
3. «Үздік жыл психологы» республикалық конкурсы;
4. «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсы;
5. «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсы;
6. «Виртуалды білім беру бағыты шеңберінде» еліміздің үздік педагогтерінің эстафетасы»;
7. Нақты жобаларды қорғау;
8. Әлеуметтік идеялар мен жобалар;
9. Үздік авторлық бағдарлама;
10. Ұлттық спорттық ойындар (тоғызқұмалақ, асық ату).

Конкурс қатысушыларына қойылған талаптар:

Қатысушылардың педагогикалық еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауға тиіс.

Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

- материалдарды тегін пайдалануға, көпшілік алдында таратуға, интернет желісіне орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге келісімін береді.

Жіберілген материал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Конкурс материалдарына қойылатын талаптар:

Ереженің талаптарына сәйкес келетін кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің бейнематериалы ұсынылады.

Бейнематериалды әзірлеу талаптары:

1. Ең төменгі ажыратымдылық-720 x 480 (12:8 см).
2. Бейне сабақтың ұзақтығы - 7 (жеті) минут.
3. Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің үзіндісі YouTube (YouTube) бейне платформаларына жүктеледі, Өтінімде сілтеме

орналастырылады.

Орындалуы керек жалпы талаптар:

- тәрбиелеу-білім беру процесін қызықты ойын түрінде ұйымдастыру;
- заманауи инновациялық технологияларды қолдану;
- жайлы дамытушы орта құру, оны тиімді пайдалану;
- санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау;
- кіріктірілген ойын арқылы оқыту іс-әрекетін көрсету (әр түрлі іс-әрекет түрлерінің, мазмұнының өзара байланысы);
- балалардың танымдық іс-әрекетін белсендіру (әдістері мен тәсілдері);
- білім беру ортасының қауіпсіздігі.

Авторлық құқықтардың сақталуы маңызды. Басқа авторлардың жұмысын толық немесе ішінара көшіруге тыйым салынады. Плагиат жұмыс ұсынған қатысушылар байқаудан шеттетіледі.

Конкурста жеке педагогтің жұмысы бағаланатындықтан, апталық жұмыс циклограммасы бір ғана авторға тиесілі болуға тиіс.

Аталған талаптарға сай келмейтін материалдар бағаланбайды, балл қойылмайды және есептелмейді.

Үміткерлердің жұмысын бағалау критерийлері мен көрсеткіштері (5 балл)

№	Критерийлер	№	Көрсеткіштер
1	Педагогтің кәсіби шеберлігі мен жетістіктерін бағалау	1.1	Соңғы 3 (үш) жылда халықаралық /республикалық/ облыстық кәсіби шеберлік байқауларының дипломдарының болуы
		1.2	Оқу-әдістемелік кеңесі (республикалық/ облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен Астана) бекіткен авторлық бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды (соңғы 3 жылда) әзірлеу және енгізу
		1.3	Білім беру және тәрбие саласында халықаралық/республикалық/облыстық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында немесе республикалық/облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдары бар
		1.4	Мемлекеттік/ ведомстволық/ облыстық және Республикалық маңызы бар қалалардың және астананың наградалары мен көтермелеулерінің болуы
2	Шығармашылық бастаманы дамыту және педагогтерді инновациялық қызметке ынталандыру	2.1	Республикалық/ облыстық және Республикалық маңызы бар қалалар мен астана деңгейлерінде семинарлар, мастер-класстар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысу
3	Соңғы 3 жылдағы	3.1	Балалар байқаулары мен зерттеу жобалары

	тәрбиеленушілердің жетістіктері		(республикалық/ облыстық және республикалық маңызы бар қалалар мен астана) дипломдарының болуы
4	Эссе (500 сөзден артық емес)	4.1	Тақырыпты ашу. Өзінің зерттеу нәтижелерін пайдаланады
		4.2	Логикалық және дәйектілік, қорытындылардың болуы

Ұйымдастырылған/ойын іс-әрекеттерін бағалау кестесі

Педагогтің аты-жөні	Бақылаушының аты-жөні
Топ/сынып	Күні _____
Ұйымдастырылған/ойын іс-әрекеті міндетінің баланың жасына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестігі	пікір
Тәрбиеленушілерді ынталандыруға жағдай жасау	
Ұйымдастырылған/ойын іс-әрекетінің мазмұны міндеттеріне сәйкес келеді	
Зерттеу дағдысын дамыту баланың жасына сәйкес келеді	
Тәрбиеленушілердің жетістіктерін атап өтеді	
Тәрбиеленушілерді жасына сәйкес өзін-өзі бағалау және өзара бағалау процесіне тартады	
Топ/сынып ішінде тәрбиеленушілерге дамытушы орта ұйымдастырылған	
Материалды игертуге бағытталған ұйымдастырылған/ойын әрекеті процесінде әртүрлі жұмыс түрлерін қолданады: жасына сәйкес топтық, жұптық немесе жеке жұмыс	
Тәрбиеленушілер дидактикалық және дамытушы материалдармен қамтамасыз етілген	
Дағдыларын тәжірибеде дамытады	
Тәрбиеленушілердің ұйымдастырылған/ойын іс-әрекетіне қызығуы мен қамтылуы	
Тәрбиеленушілердің қатысуын қамтамасыз ету үшін қимыл-қозғалыс белсенділігін және топ/сынып кеңістігіндегі дамытушы ортаны пайдаланады	
Жеке тұлғаға бағытталған тәсілдерді қолданады	
Тәрбиеленушілерді тыңдайды, естиді, қызығушылықтарын қолдайды	

АКТ және инновацияларды қолданады	
Қосымша бақылау элементтері:	
Кері байланыс және ұсыныстар:	

Мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға;
- бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Сондықтан конкурса қатысушы МДҰ педагогтері қысқа мерзімді жоспарды жазбайды. Жылдық Перспективалық жоспар негізінде жасалатын циклограммасын толтырады.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы **күн тәртібіне** сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

- балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны құру (қызығушылық аймақтарына бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану).

Мектепке дейінгі ұйым педагогінің циклограмма кестесі

(ҚР БҒМ №130 бұйрығының 2.2-қосымшасы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау					
Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					
Таңертенгі жаттығу					
Таңғы ас					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет					
2- таңғы ас					
Серуенге дайындық					
Серуен					
Серуеннен оралу					
Түскі ас					
Күндізгі ұйқы					
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары					
Бесін ас					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық					
Серуен					
Серуеннен оралу					
Кешкі ас					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					
Балалардың үйге қайтуы					

Мектепалды сынып педагогінің циклограмма кестесі

(ҚР БҒМ №130 бұйрығының 2.3-қосымшасы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау					
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу					
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)					
Ертеңгілік жаттығу					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)					
Кестеге сәйкес ҰІӨ					
Серуенге дайындық					
Серуен					
Серуеннен оралу					
Балалармен жеке жұмыс					
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)					
Балалардың үйге қайтуы					

Орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған ҰСЫНЫМДАР

Конкурс материалдарына қойылатын талаптар:

- 1) сабақтың қысқа мерзімді жоспарлары, сынып сағаттарының, сыныптан тыс іс-шаралардың әзірлемелерінің сауаттылығы және әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- 2) қысқа мерзімді жоспарларының міндетті түрде күнтізбелік жоспарға және МЖМБС-ға сай болуы;
- 3) 15 минуттік сабақтың бейнеролигі және үздік педагогикалық практиканы насихаттайтын бейнеролик жоғарыда берілген бейнероликтердің талап-тарына сәйкес сапалы дайындалуы қажет;
- 4) авторлық құқықтардың сақталуы (басқа авторлардың жұмысын толық немесе ішінара көшіруге тыйым салынады; плагиат жұмыс ұсынған қатысушылар байқаудан шеттетіледі);
- 5) конкурста жеке педагогтің жұмысы бағаланатындықтан, қысқа мерзімді жоспары бір ғана авторға тиесілі болуға тиіс.

Аталған талаптарға сай келмейтін материалдар бағаланбайды, балл қойылмайды және есептелмейді.

Республикалық «Үздік педагог» конкурсына қатысушылардың құжаттары жоғарыда ұсынылған тәртіп пен шарттарға сәйкес болуы тиіс. Алайда, көп жағдайда шарттарға сәйкес болмайды. Сондықтан Конкурстың соңғы кезеңіне дейін жете алмайды не жетсе де жеңімпаз атанбайды. Сондықтан төменде ұсынылған кейстерде «Үздік педагог» конкурсына қатысушылары өздерінің Конкурсқа бірнеше рет қатысып, бірақ жетістікке не себепті жете алмағандары туралы және дайындалу кезеңінде туындаған мәселелерімен бөлісіп, ұсыныстар жасады.

Екінші кейс «Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Талдықорған қаласының «Мұхтар Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейі» КММ биология пәнінің мұғалімі, педагог-шебер, «Үздік – педагог 2022» конкурсының жеңімпазы Дәулен Муталивтікі .

2-кейс

Мен «Үздік педагог» конкурсына бірнеше рет қатыстым. Алғаш рет 2014 жылы. Сондықтан Конкурстың келешек қатысушыларымен өзімнің «Үздік педагог-2014» конкурсында жіберген кемшіліктерімен және кездескен қиындықтар, ұтымды тұстарымен бөліскім келеді.

2014 жылы Конкурс шарты бойынша облыстық кезеңде жеке презентация қорғау болды. Қорғау кезінде:

- негізгі проблемалық мәселені көрсету және оны зерттеу тақырыбына айналдыру ;
- мақсат пен міндеттер;
- күтілетін нәтиже.

Озық тәжірибе бойынша жинақталған нәтиже жеткіліксіз болды (республикалық олимпиада және ғылыми жобалар сайысының жеңімпаздары болмады). Сонымен қатар, өзімде республикалық сайыстардан орындар, басылымдарға материалдар аз болды.

Ұсыныстар: қатысуға ниет білдіріңіз міндетті түрде

- Оқушыларыңыздың (аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық сайыстардан орын болу керек)
- Өзіңіздің (жеке проблемалық тақырыбыңыз, мақсаты, міндеті, орындау үшін қандай құжат бар (авторлық бағдарлама, сайт, жеке тапсырмалар жинағыңыз, әдістемелік құралдарыңыз) екеніне назар аударыңыз.

Портфолио жинақтау кезінде:

Алған диплом, марапат, Алғыс хат, хаттамалар және тағы басқа құжаттардың 514 бұйрыққа сәйкес болуы және безендірілуінде - анық контраст(қара)түспен шығару.

Портфолиоға құжаттар тәртіп пен реттілікке сәйкес салынуы тиіс.

Менің кемшіліктерім:

Портфолиоға салынған құжаттардың сапа жағынан төмен болуы

Кездескен қиыншылықтар:

Портфолионың дұрыс ресімделмеуі.

2014 жылы осы кемшіліктерді негізге ала отыра:

- Жеке проблемалық тақырыбымды нақтыладым;
- Тақырыпқа сәйкес нақты қолжетімді мақсаттар мен міндеттерді қойдым;
- Авторлық бағдарлама жасадым;
- Алынған тақырып аясында оқушылармен түрлі сайыстар мен жобаларға қатыса бастадым.

Нәтижесінде, 2022 жылғы конкурсқа қатысуға ресурстарым толығымен нақты және жеткілікті болды . 2022 жылғы конкурс материалдарын (<https://teachercontest.iac.kz/>) деген платформаға рет-ретімен жүктедім.

Артықшылығы:

Материалдарды платформа арқылы жүктеу, келесі ұстанымдарға сәйкес болды: ашық, қолжетімді, ыңғайлы.

Уақытты тиімді пайдаланасыз!!!

Үшінші кейсті әзрлеген Павлодар қаласының Жұмабек Ташенев атындағы жалпы білім беретін мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Алия Егинбаевна Касымжанова.

3- кейс

«Үздік педагог» конкурсына өз басым төрт жыл қатарынан қатыстым. Ең алдымен, конкурстың нақты талаптары мен ережелерімен танысып, барлық құжаттаманы жинақтаған соң, өтінім құжаттарды тапсырып отырдым. Қала мектебі болғандықтан ең алдымен бізге қала деңгейінен өту керек, содан соң облыс және республика. Аталған сайыстың әр кезеңдерінің ережесі мен талаптары бірдей. Бір байқағаным жыл сайын аталған конкурсқа жаңа талаптар қосылып отырды, мысалы, соңғы үш жылда волонтерлік бағыт қосылды. Ең алғашқы қатысқанымда қалалық білім беру бөлімінен Алғыс хатқа ие болдым, одан кейін қала деңгейінде 1-ші және 2-ші орындарға ие болдым, бірақ облыстық деңгейге өте алмай жүрдім. Келесі кезеңдерге өте алмаған сәтте еңсемді түсірмей, барлық бағыттағы жұмысымды саралап, келесі оқу жылына дайындығымды шыңдап, кемшіліктерім бойынша талдама жұмыстарын жасап отырдым. Портфолиомды, білім алушы мен өзімнің жеке жетістігім және тәрбие бағыттары бойынша кемшіліктерімді түзедім.

Биылғы «Үздік педагог - 2022» конкурсының бірден бір ерекшелігі төмендегі ережеге сәйкес барлық құжаттар министрліктің ақпараттық жүйесі арқылы <https://teachercontest.iac.kz> электронды форматта қосымшаға жүктелді.

Табысты педагог болу үшін маған не көмектесті?

Жұмысымды жүйеледім, конкурстың ережелерін саралап, кемшіліктеріммен жұмыс жасадым. Бірнеше жылдан бері қатысып менің түсінгенім, педагогтің оқу үдерісі мен қатар тәрбие үдерісін бірдей алып жүріп, сол бағыттарды да көрсете білу керек. Сіздерге сәттілік!

Қорытынды

Жоғарыда ұсынылған кейстердегі қатысушылардың ұсыныстарынан әр педагог өзіне келесілерді түртіп алуы қажет:

«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын егжей-тегжей білу



3.1 Қысқа мерзімді жоспарды дайындау

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығында Орта және арнаулы білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі ұсынылған. Аталған құжатта «Күн сайын сабақ кестесіне және күнтізбелік тақырыптық жоспарға сәйкес барлық оқу пәндерінің педагогтері қысқа мерзімді (сабақ) жоспарды (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) әзірлейді» - делінген[17]. Осыған орай әр педагог Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында әр сабақ сайын және «Үздік педагог» атағын беру конкурсында да қысқа мерзімді сабақ жоспарын дайындайды. Қысқа мерзімді жоспарының негізгі міндеттері:

- сабақтың мақсатын анықтау;
- оқыту мақсатына сәйкес сабақ мазмұнын таңдау
- таңдалған оқу материалын зерделеу, жүйелеу, топтастыру;

- білім алушылардың оқу материалын меңгеруіне жағдай жасауға бағытталған оқыту әдістері мен олардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру формаларын таңдау;

- білім алушылардың іс-әрекетін бағалауды қолдану.


"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңының 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3-тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын өз еркімен таңдайды.

Жалпы, білім беру ұйымдары педагогтерінің міндетті құжаттардың тізбесінің қосымшасында қысқа мерзімді жоспары берілген, сондықтан біз барша педагогтерге аталған үлгіні ұсынамыз.

ҮЛГІ:

Нысан				
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі				
(білім беру ұйымының атауы)				
Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары				
(сабақтың тақырыбы)				
Бөлім:				
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)				
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы				
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары				
Сабақтың мақсаты				
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Жоғарыда қысқа мерзімді жоспарының үлгісі берілді, келесі кезекте оны дайындау қадамдары ұсынылады. Жоспарды дайындамас бұрын келесілерге назар аударған дұрыс:




Қажетті ресурстарды дайындау

Дидактикалық материалдар, оқу құралы, қажетті басқа да құралдардың болуы. Адами ресурстар (тьютор) ескерілуі тиіс


Талдау және бағалау

- Оқушылар оқу мақсатына қаншалықты қол жеткізді (қандай деңгейде?)
- Келесі сабақта нені жақсарту қажет?



Сабақ жоспарын бағалау критерийлері (Сабақ мақсаты бойынша)

- оқу мақсаттарына сәйкес тұжырымдалған;
- пәннің ерекшелігіне бағдарланған;
- SMART форматында (сабақ шеңберінде нақты, өлшемді, қолжетімді және уақыт мөлшері белгіленген) оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері ескерілген



Сабақ жоспарын бағалау критерийлері (Оқыту әдістері)

- оқу мақсатына жетуге ықпал етеді;
- барлық білім алушыларды оқу процесіне тартуға ықпал етеді;
- оқыту оқушылардың жеке және/немесе ерекше қажеттіліктерін қолдайды.

Сабақ жоспарын бағалау критерийлері (Тапсырма)

- оқу мақсаттарына, бағалау критерийлеріне, көрсетілген ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес;
- функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді;
- оқушының жеке және/немесе ерекше қажеттіліктеріне сәйкес.

Жалпы, кез-келген педагог сабаққа дайындалу кезеңінде мыналарды білуі тиіс:

- 1) оқыту шарттарын;
- 2) сабақ мақсатын;
- 3) оқу әрекетін жоспарлауды;
- 4) қысқа мерзімді жоспарды ой елегінен өткізуді және бағалауды.

3.2 Оқыту үдерісінде белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану бойынша ұсынымдар

Тәжірибе барысында педагог-практиктердің көпшілігі белсенді әдіс-тәсілдерді қолданады. Тиімді белсенді әдістерді қолдану педагогтің білімін, құзыреттілігін және шеберлігін көрсетеді. Білім алушылардың сабаққа қызығушылықтарын тудыруға, ішкі уәждерін арттыруға және оқу мақсаттарына жетулеріне белсенді әдістер көмектеседі.

Оқытудың белсенді әдістері сабақтағы танымдық іс-әрекет барысында білім алушылардың дербес, белсенді және шығармашылық дамуын ынталандыру үшін жағдай жасауға бағытталған педагогикалық әдістер мен оқыту әдістерінің жиынтығын білдіреді. Мұғалім сабақты құрылымдай отырып нені, не үшін және қалай оқыту керектігін түсінеді. Белсенді оқыту әдістерін таңдау кезінде келесілерге назар аударған жөн:

- тақырып мазмұнымен байланысы;
- оқу мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етуі;
- сабақтың әр кезеңінің мақсаттарына сәйкестігі;
- білім алушылардың танымдық қажеттіліктеріне сәйкестігі. [16]

Сабақтың әр кезеңінде белсенді оқыту әдістерін қолданудың мысалдары.

«Сабаққа жұмылдыру» кезеңінде белсенді әдістерді қолдану:

- психологиялық атмосфераны қалыптастыру;
- танымдық қызығушылықты арттыру;
- барлығын оқуға тарту, ынталандыру;
- алдыңғы және жаңа білімнің байланысы;
- тақырыпты болжау, сабақтың мақсаттары мен міндеттерін анықтауға ықпал ету.

«Миға шабуыл», «Идеялар қоржыны», «Кластер», «ББҮ», «Инсерт», «Борттық журнал», «Жіңішке және жуан сұрақтар», «Сұрақ-жауап», «Хат» және т.б.

«Ақпаратты түсіну» кезеңінде белсенді әдістерді қолдану:

- өзіндік әрекет;
- ақпарат жинау, таңдау, талдау, дәлелдеу;
- зерттеушілік әрекет;
- тәжірибелік әрекет;

- салыстыру, ажырату;
 - қолдану дағдыларын дамыту;
 - шешім қабылдау мен қорытындылау.
- «Синквейн», «Мозаика», «Диалог», «Полилог», «ББҮ», «Эссе», «Тұжырымдамалық карта», «ДЖИГСО» және т.б.
- «Рефлексия» кезеңінде белсенді әдістерді қолдану:
- білімді қорытындылау;
 - оқу мақсаттарына қол жеткізуді талдау;
 - қиындықтарды анықтау;
 - келесі сабақта шешім қабылдау тәсілдерін анықтау.
- «Рефлексиялық сұрақтар», «Борттық журнал», «Сөйлемді аяқта», «Инсерт», «ББҮ», «Эссе», «ПОПС» және т.б.

3.3 Ақпараттық-коммуникациялық технология (әрі қарай АКТ) ресурстарын қолдану

АКТ мұғалімдерге оқытуда көмектесетін, түсіндіруді жеңілдетуге және жаңа материалды түсінуге мүмкіндік беретін тиімді құрал болып табылады. Сондықтан педагогтер оқыту үдерісінде АКТ-ны қолдану туралы мұқият ойлануы маңызды. PowerPoint форматындағы таныстырылым сияқты оқу құралдарын үнемі қолдану танымға деген ұмтылысты төмендетеді, ал педагогтердің көпшілігі таныстырылымды оқу ресурсы ретінде қолданады. Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып жеке цифрлық білім беру ресурстарын және бірлесіп жұмыс істеуі үшін желілік ресурстарды қолдану маңызды.

Дайын цифрлық білім беру ресурстарын қолдану

Заманауи оқыту технологиялары біздің өмірімізге кеңінен енгізілуде, қазір көптеген дайын цифрлық білім беру ресурстары бар, мысалы, олар Bilimland.kz, Smk.kz платформаларында орналастырылған. Бейнежазба көрсету, өмірдегі нақты мәселелер мен оқиғалардың модельдерін визуализациялау, интерактивті оқу бағдарламасын қолданудың әртүрлі тәсілдерін көрсету және т.б., педагог ақпарат берудің әртүрлі формаларын таңдай алады.

Жеке цифрлық білім беру ресурстарын қолдану

Сандық білім беру ресурстары ретінде электрондық оқулықтарды, бейнеклиптерді, статикалық немесе динамикалық модельдерді, виртуалды шынайы объектілерді және интерактивті модельдерді, дыбыстық жазбаларды, картографиялық материалдарды, символдық объектілерді қолдануға болады. Педагог пәнге алдын-ала бейімдеген таныстырылымы арқылы білім алушылардың назарын қандай да бір иллюстрацияларға, мәліметтерге, формулаларға аудара алады және жаңа материалды түсіндіру кезінде тақтаны

алмастыра алады. Таныстырылымда дыбысты, анимацияны, бейнені орнатуға болады. Анимациямен бірге жүретін таныстырылымдар материалды қабылдау мен есте сақтауды жеңілдетеді. Таныстырылымдардың көмегімен білімге тестілік бақылау жүргізуге болады, әсіресе әр түрлі оқу ойындары қызықты. Мультимедиялық таныстырылымдарды сақтау ыңғайлы және қажет болған жағдайда, ақпаратпен толықтыруға болады.

Білім алушылардың бірлесіп жұмыс істеуі үшін желілік ресурстарды қолдану

Білім алушыларды білім беру өнімдерін, бағалау ресурстарын құруға, виртуалды ортада жұмыс істеуге, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде қолдануға үйрету маңызды. Бағдарламалық оқыту білім алушыларды оқытуға ғана емес, сонымен қатар жаңа ресурстарды жобалауға да ықпал етеді. Мысалы, басқару түймелерінің көмегімен әртүрлі қызықты ойындар жасауға болады, мысалы: «Теңіз шабуылы», «Өз ойыным», «Бәрін білгім келеді» және т.б. Сонымен қатар, білім алушылардың бірлесіп жұмыс істеуі үшін My Test Pro, Kahoot.it желілік ресурстарын қолдану кезінде Google формаларының көмегімен сұрақтарды әзірлеуге, тесттер құрастыруға болады.

Мысалы, кестелерде респонденттің жауаптарын көруге болатын ақысыз құрал - Google Forms қызметі арқылы тест құрастыруға болады. Формаларды жасау үшін gmail пошта жәшігі болуы керек, егер ол жоқ болса, сілтеме арқылы өтіп, тіркелуге болады: <http://mail.google.com> Google-ге тіркелген кезде жеке шот құрылады және бұл оның қызметтерінде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұлтта файлдарды сақтау үшін 15 Гб беріледі, Google Drive-та жасалған барлық құжаттар сақталады.

3.4 Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогтердің бейнесабақтарды және бейнероликтерді дайындау бойынша ұсыныстар

Бұл бөлімшеде педагогтер өздерінің қысқа мерзімді жоспарларына сәйкес түсірілген бейнесабақтарын жүктейді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін бейнесабақтың ұзақтығы жеті минут, ал орта, арнайы, қосымша білім беру, техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру педагогтері үшін бейнесабақтың ұзақтығы 15 минут болуы тиіс.

Бейнероликті әзірлеу процесі негізінен үш кезеңге бөлінеді.

1- кезең. Тұжырымдама әзірлеу.

Бұл сценарий жазу алдындағы қадам. Бұнда бейнероликтің негізгі идеясы қарастырылады:

- Не үшін бейнеролик қажет?
- Оның мақсаты қандай?

- Нәтижесі қандай болуы тиіс?

Аталған сұрақтарға жауап берілгеннен кейін және негізгі идея анықталғаннан кейін, тұжырымдаманың дизайны ресімделеді.

2-кезең. Бейнероликтің сценарийін әзірлеу.

Бұл – өте күрделі процесс. Өйткені аз уақытта ауқымды ақпаратты көрсете алу қажет. Сондықтан бұл кезеңде педагог өзі шешім қабылдауы тиіс – сабақтың қай кезеңдерін түсіреді және оқу үдерісінде қандай әдіс-тәсілдерді қолданады.

3-кезең. Бейнероликті әзірлеу.


Бейнеролик бірнеше кезеңнен тұрады. Мысалы: басы, ортасы, соңы. Сондықтан педагог бейнероликтің әр кезеңінде не түсірілетіні туралы, түсірілімнің қай кезеңіне көбірек уақыт бөлінетінін де ойластырған дұрыс.

БІЛУ МАҢЫЗДЫ !

Бейнеролик жасамас бұрын, педагог жоғарыда ұсынылған кезеңдерді ойластыруы қажет!

«Үздік педагог» атағын беру қағидаларының 3-қосымшасында озық педагогикалық тәжірибені трансляциялау жобасы бойынша бейнесабақтарға/оқуларға және бейнероликтерге қойылатын талаптар мен техникалық шарттар ұсынылған. Конкурсқа қатысушылар 4-кесте бойынша бейнесабаққа қойылатын талаптармен және шарттармен таныса алады.

4-кесте. Бейнесабақтарға және бейнероликтерге қойылатын талаптар мен техникалық шарттар



Соңғы жылдары Қазақстанда цифрландырудың қоғам өміріндегі үлкен рөлін атап өтуге болады. Заманауи педагогті ақпараттық технологияны қолданбайтынын елестету мүмкін емес. Бұл технологияларды қолданудың бірі - бейнесабак. «Үздік педагог» Конкурсына қатысушының бейнесабағы мұғалімнің ақпараттық технологияларды, электронды ресурстарды жүйелі пайдалануын және бейнесабак түсіру мүмкіндігін анықтауға көмектеседі. Ақпараттық технологияны жүйелі әрі үздіксіз қолданатын мұғалімдер ғана сабақты сапалы бейнетаспаға түсіре алады, өйткені олардың шеберлігі қалыптасып үлгерген. Бұндай педагогтердің бейнекамера алдында жұмыс істеу дағдысы қалыптастасқан. Осындай педагогтер жаңа материалды немесе сабақтың кез келген кезеңін түсіндіруге дайындала отырып, өзінің әрбір қадамын, әрбір іс-әрекетін, сөйлеуінің әрбір сәтін ой елегінен өткізеді. Сондай-ақ, қай жерде үзіліс жасауға болатынын және керектігін ойластыру, көргендерін талқылап, білім алушыларға сұрақтар қою да маңызды. Байқауға арналған бейнесабактың ұзақтығы 15 минуттан аспауы керек.

Бейнесабактың өзі әр түрлі формада болуы мүмкін. Мысалы, сабақтардың түрлері:

- жаңа материалды түсіндіру;
- пысықтау сабағы;
- жалпылау және бақылау сабағы.

Жаңа материалды түсіндіру бейнесабағында материалды көрнекі және түсінікті түрде беруге ықпал етеді. Олардың көмегімен оқыту компоненті өзгереді – ақпарат алу. Сабақтың бұл түрінің мақсаты – білім алушыларға жаңа материалды меңгерту. Сонымен қатар, оқыту үдерісінде жаңа материалды меңгеру барысында бұрын меңгерілген материалды бекіту жұмыстары да жүргізілуі мүмкін. Жаңа материалды есте сақтамай, талдамай, өтілген материалға сүйенбей, кейбір жаңа ережелерді шығарғанда қолданбай оқу мүмкін емес. Ал, ең бастысы, білім алушылар пассивті бақылаушы бола алмайды, олар бейнесабактарда оқу үдерісін ұйымдастыруға әрқашан белсене қатысады, өзінің білімін, іскерлігін, алған білімдерін әр түрлі жағдайларда пайдалана білуін көрсетеді. Сондай-ақ, бейнесабактарда олардың жеке қасиеттері мен мінез-құлық тәсілдерін байқауға болады.

Бейнесабакқа қойылатын талаптар:

- ✓ Бейнесабактың титрында келесілердің жазылуы міндетті – автордың аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны;
- ✓ Ұзақтығы: 7 минуттік түсірілім мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс жасайтын педагогтерге және 15 минуттік – орта білім беру ұйымдарының педагогтері үшін;
- ✓ Бейнеге басқа бейнесабактардың фрагменттерін енгізуге тыйым салынады.
- ✓ Бейненің авторлық дыбыстандыруына ғана рұқсат етіледі;
- ✓ Автор баспаға өзінің авторлық, өзі әзірлеген материалды ұсынады.

Әр педагог жоғарыда ұсынылған бейнероликтерге қойылатын талаптар мен техникалық шарттарға сәйкес өзінің үздік тәжірибесін тарату бойынша 5 минуттік бейнероликті платформаға жүктейді. Сондықтан қатысушыларға аталған бейнероликтің бағалау парағы ұсынылды.

Үздік тәжірибелерді тарату (5 минуттік бейнеролик)		
1.	<i>Өзектілігі</i>	
2.	<i>Педагогикалық мәселенің өзектілігі толығымен ашылды және шешу жолдарын қамтиды</i>	
3.	<i>Педагогикалық мәселенің өзектілігі ашылды, бірақ шешу жолдары толық қамтамасыз етілмеген</i>	
4.	<i>Педагогикалық мәселенің өзектілігі ішінара ашылды</i>	
5.	<i>Педагогикалық мәселенің өзектілігі ашылмаған</i>	
6.	<i>Үздік тәжірибелер тиімділігінің дәлелі</i>	
7.	<i>Үздік тәжірибенің нәтижелілігін ұсыну</i>	
8.	<i>Нәтижеліліктің болмауы</i>	
Шешендік өнер		
1.	<i>Сөйлеу түсінікті, мәнерлі, эмоционалды</i>	
2.	<i>Сөйлеу монотонды, бірқалыпты</i>	
3.	<i>Иллюстрациялық материалдарды қолдану</i>	
4.	<i>Иллюстрациялық материалдарды шебер пайдалану: презентациялар, диаграммалар, суреттер, фото, бейнемонтаж және т. б. (шығармашылық тәсіл)</i>	
5.	<i>Иллюстрациялық материалдар пайдаланылды (тек презентация)</i>	
6.	<i>Тақырыпты ашпайтын иллюстрациялық материалдарды пайдалану</i>	

Жоғарыда кестеде көрсетілген бағалау критерийлері бойынша Конкурсқа қатысушы үздік педагогикалық тәжірибенің өзектілігін ашады. Тәжірибе қоғам сұранысына сай болуы қажет, яғни педагог білім алушыда заманға сай қандай білім, білік, дағдыны қалыптастыратыны білуі қажет. Сонымен қатар, педагогикалық тәжірибенің тиімділігі неде екенін көрсету қажет. Қандай инструмент арқылы педагог нәтиже, жетістікке жеткенін ашу керек. Тиімді тәжірибе қандай жетістіктерге жеткізді. Не арқылы? Қалай жеткізді? Тәжірибенің нәтижелігін көрсету - білім сапасының динамикасы жоғарлағанын, білім алушылардың белсенділігі артқанын (дәлел/факт келтіру), пәндік олимпиада, ғылыми жобалар, конкурстарда қатысушылар саны, жеңімпаздар саны.

Келесі көрсеткіш – педагогтің сөйлеу мәнері. Бұл жерде педагог дикцияға, сөздерді анық, түсінікті, нақты айтуына назар аударады. Эмоционалды сөйлеу, кейде қатысушылар қобалжып сөйлеу мәнеріне мән бермейді. Сондықтан сабақ барысында педагог сабақтың осы тұстарына да назар аударуы тиіс.

Қорытынды

Өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Конкурс қатысушылары өздері құжаттарды (материалдарды) Министрлік бекіткен ақпараттық жүйесіне жүктейді.

Конкурстың I кезеңіне қатысу үшін қатысушы нысан бойынша электронды форматта мынадай құжаттарды (материалдарды) ұсынады:

1) оқыту тіліндегі портфолионы;

2) сабақ (оқу) жоспарын ұсына отырып, ұзақтығы 7 (жеті) минут бейнесабақ (мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін), ұзақтығы 15 (он бес) минут бейнесабақ/оқу (орта, арнайы, қосымша білім беру, техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін); сондай-ақ осы Қағидалардың 3-қосымшасындағы бейнероликке қойылатын талаптар мен техникалық шарттарға сәйкес озық педагогикалық тәжірибені трансляциялау (ұзақтығы 5 (бес) минутқа дейінгі) бейнеролигін.

Бұл ұсынымдаманың екінші бөлімшесінде бейнесабақ және оған қойылатын талаптар бойынша ақпарат берілді. Сондықтан осы бөлімшеде «Үздік педагог» конкурсына қатысушылардың бейнесабақты дайындау бойынша ұсыныстар беріледі. Төмендегі кейсте Қостанай облысының «Үздік педагог» конкурсының жеңімпазы Тасанова Гүлмира Мухамеджанқызының бейнесабақты дайындау бойынша ұсыныстары берілген.

4-кейс

Тасанова Гүлмира Мухамеджановна, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Б. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі оның өзіне деген сенімділігін, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады. Мен Қостанай қаласындағы Б.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатында 1996 жылдан бастап қызмет етіп келе жатырмын. Жалпы, ұстаздық жолымда биік мансап қуып, үздік ұстаз атансам екен деген мақсат қойған емеспін. Ұстаздық мамандығының барысында ұстазға қандай талап қойылады, соны жасап жетілдіруге тырыстым. Барынша үлгі тұтар, шығармашыл, шебер деген ұстаздардың іс-тәжірибелерінен үйренуді өзіме мақсат еттім. Білікті ұстаздардың ұстаздық жолындағы ең бір ерекше қасиеттеріне, шығармашылық қабілеттеріне қарай отырып, өзім де осындай ұстаз болсам екен деп армандайтынмын. Жаңалыққа қашан да жаны құмар ұстаз ретінде өзім жаңа әрі тың педагогикалық әдіс-тәсілдерді, әртүрлі жаңа технологиялар туралы естісем немесе көрсем оны әбден зерттеп, үйреніп алғанша көңілім тыншымайды. Осы ұстаздық қызмет барысында облыстық «Авторлық бағдарлама», панорамалық сабақтар, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар сынды көптеген байқауларға қатыстым. Әр байқаудың

талаптары бір-біріне ұқсамайды. Әртүрлі байқау мені әр қырымнан сынға түсіріп, кемшілік тұстарымды шыңдады десем артық айтқандық емес. Жеңіске жеткен шақтарымда қанаттанып, өзімді тағы да басқа қырымнан сынауға тырысамын. Мектеп әкімшілігінен «Үздік педагог-2022» байқауына қатысу туралы ұсыныс түскенде, шынын айту керек, қатты қобалжыдым. Бұл байқаудың өзге байқаулардан ерекшелігі, салмақтылығы атауының өзінен-ақ байқалады. Тәуекелге бел буып, байқауда бақ сынауды жөн көрдім. Өзімнің оқушыларымның жетістіктері мен қоса өзімнің ұстаздық жолымдағы кәсіби шеберлігімнің шыңдалатын кезі келгендігін анық түсіндім. Осы байқауға қатысу барысында маған қиындық тудырған мәселелердің бірі - он бес минуттік бейнесабқты түсіру болды. Бір сабақтың ұзақтығы 45 минут болса, осы сабақты 15 минутқа шақтап жасау керек болды. Осынша уақытқа қысқартып, жоспарлау барысында сабақтың барынша басынан аяғына дейін сабақ тақырыбын ашуға тырыстым. Бейнесабқ түсіру барысында сабақтың сапалы түсуі де өз әсерін береді. Көп жағдайда бейнесабқтарды түсіруде кәсіби мамандар емес, өзіміз қолжетімді ұялы телефонымызды қолданып ұстаздардың, көмегімен түсіріп жатамыз. Себебі мектептерде осындай түсірілімдер бойынша арнайы мамандар жағы қарастырылмаған. Оның шығу жолы, әрине, ұстаздың **креативтілігіне, құзыреттілігіне, кәсіби шеберлігіне барып тіреледі, яғни жаңа форматты мұғалім кез келген туындаған мәселені шеше алатындай әмбебап мұғалім болуы керек.** Өзім он бес минуттік сабақты түсіру кезінде сабақтың құрылымын негізге алдым. Сабақтың басталуын ұйымдастыру, сабақтың оқу мақсаты мен сабақ мақсаттарын қою, түсіндіру, бекіту, қайталау, бағалау, сабақтың қорытындысын шығару. Олар:

-біріншіден, оқу мақсатына сай сабақ мақсатына жету үшін негізделген белсенді оқу әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдану;

-екіншіден, топтық, жұптық, жеке жұмыстарды тиімді ұйымдастыру;

-үшіншіден, әр тапсырмадан кейін кері байланысты қолдану;

-төртіншіден, бағалаудың түрлерін дұрыс үйлестіру.

Осы жоғарыда келтірілген негіздерді басшылыққа ала отырып, 45 минутқа жоспарланған сабақты 15 минуттің ішінде көрсетуге тырыстым. Сабақты бейнежазбаға түсіру кезінде де мұғалімнің **креативтілігі өте қажет.** Бейнежазбаны түсірушіге мұғалім алдын-ала түсірілім кезінде камераны қайда қарай бағыттау керек, оқушылардың жұмыс жасау кездерін, жауап беріп тұрған уақытта камераға емес, оқушылар мен мұғалімге қарай назарын аудара отырып жұмыс жасаған шақтарын түсіру керектігін жоспарлы түрде нақты түсіндіру қажет. Сабақты бейнежазбаға түсіру бір бөлек, оны өңдеп, дайындап шығару уақыт пен еңбекті талап етеді. Сабақты түсіріп болған соң мұғалім бейнесабқты түсірушімен бірге бейнежазбаны өңдейді.

«XXI ғасыр – ілім мен ғылымның ғасыры» демекші, оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту үшін мұғалім де соған лайықты

болуы керек. Жаңа ғасырдың мұғалімі кез келген ауыртпалықты өзіне қабылдай отырып, тәуекелге баруға дайын болу керек. Бүгінгі таңда мұғалімдер тек қана сабақ беріп, шәкіртті қанағаттандыра алмайды. Мұғалім өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен қоса сол ортада көшбасшы бола білу керек. Заманауи технологияны игеру арқылы сандық ресурстарды тиімді қолдана білуіміз керек. Сонымен қатар, мұғалім дәрежесін көтеріп жүрген жан рухани құндылыққа бай болу керек. Ұстаздың жан дүниесі рухани тәлімге толы болса, шәкірттің де одан алар ілімі далаға кетпейді.

Педагогтің вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын бағалау

Сабақ барысында педагогтің білім алушылармен қарым-қатынасы да сабаққа әсер етеді. Сондықтан педагогтерге қарым-қатынастың түрлерін білу маңызды. Ең алдымен, қарым-қатынастың анықтамасымен таныс болайық. Қарым-қатынас – бұл басқа адамдармен өзара әрекеттесу және идеялармен алмасу әрекеті [18]. Қарым-қатынастың екі негізгі түрі бар: вербалды және вербалды емес. Вербалды қарым-қатынас кезінде адамдар өз ойларын, идеялары мен сезімдерін ауызша немесе жазбаша сөйлеу арқылы білдіреді.

Вербалды емес қарым-қатынаста дене тілін және басқа әдістерді, соның ішінде мимиканы, қимылдарды және т.б. пайдаланады.

Вербалды емес қарым – қатынастың үш негізгі аспектісі бар – **дауыс, дене тілі және көзбен байланыс** жаңа материалды қабылдағанда не пікір алмасқанда білім алушылардың қабылдауына әсер етеді.

Мысалы, **дауыс**, оның бәсең не басым үні педагогтің сезімдерін көрсетеді. Бұл білім алушыларға педагогтің қуанғанын не ашуланғанын және т.б. анықтауға көмектеседі, сондықтан дауыс қарқынына назар аударыңдар!

Дауысыңыз басқаларға қалай әсер ететінін байқай бастаңыз және сіз нені және қалай жеткізгіңіз келетіндігін көрсету үшін дауыс үнін пайдаланып көріңіз. Мысалы, сабақ үдерісінде бір нәрсеге білім алушылардың қызығушылықтарың танытқыңыз келсе, ынтаңызды дауыспен көрсетіңіз. Мұндай белгілер сіздің сезімдеріңізді білдіріп қана қоймайды; олар, сондай-ақ, сіздің сөзіңізді тыңдайтын білім алушыларға қызығушылық тудыруға көмектеседі

Дене тілі: дене тілі вербалды емес қарым-қатынастың ең айқын түрі. Ол білім алушыларға сіздің сезіміңіз туралы көп нәрсе айта алады. Егер сіз қолыңызды айқастырсаңыз, болып жатқан жағдай сізді қызықтырмайтынын білдіреді. Келесі мысал, сіздің мақсатыңыз презентация кезінде сенімді болып көріну. Бұл жағдайда басқалардың сізді сенімді және қабілетті ретінде көруін қамтамасыз ететін вербалды емес сигналдарға назар аударуыңыз керек. Сіз өзіңізге сенімді екеніңізді көрсеткіңіз келсеңіз, онда Сіз келесі қимылдарды жасайсыз:

- Бір жерде берік тұру;
- Иықтарды артқа тарту;
- Екі аяқтың салмақтарың теңестіру.

Көз байланысы

Басқа тұлғалармен жақсы көз байланысы тағы бір маңызды вербалды емес қарым-қатынас дағдысы болып табылады. Тұлғалар басқалардың көзіне қарамаса, олар жалтарып немесе бір нәрсені жасыруға тырысатын сияқты көрінуі мүмкін. Сонымен қатар, көзбен байланыста келесі детальдарға назар аударыңыз.

Қарым-қатынас, байланыс мамандары үш-төрт секундқа созылатын көз байланысу аралығын ұсынады. Тиімді көз байланысы Сізге және басқаларға табиғи және ыңғайлы болуы керек.

Қорытынды:

Вербалды қарым-қатынаста дене қимылдары мен тұлғаның тұрған тұрысы да маңызды, бірақ мимика, көзқарас, ауыз қимылдары, ым -ишара және жеке кеңістік те қарым-қатынастың маңызды компоненттері болып табылады. Сондықтан сабақ беру барысында педагог вербалды және вербалды емес қарым-қатынасты тиімді қолдануға көңіл бөлгені маңызды.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

- ✓ Сабақтың мақсаты нақты, айқын және қол жетерлік болуы шарт;
- ✓ Қолданылған әдіс-тәсілдер, тапсырмалар жүйесі, сабақтың нысаны, мазмұны білім алушылардың жас, психологиялық ерекшеліктеріне сай және оқу мақсатына сәйкес болуы тиіс;
- ✓ Оқу процесінде әдіс-тәсілдердің, технологиялардың тиімді қолданылуына назар аудару қажет;
- ✓ Сабаққа қатысқан білім алушылардың мотивациясы, олардың белсенділігіне, білім алушылардың рефлексивтік қызметіне көңіл бөлу;
- ✓ Бейнероликтің сапасы мен безендірілуі;
- ✓ Педагогтің өзін-өзі ұстауы;
- Сөйлеу мәдениеті;
- ✓ Сабақ беру стилі;
- ✓ Педагог пен білім алушылардың қарым-қатынасы, бірге жұмыс істеуі;

- ✓ Сызбаларды, кестелерді, диаграммалар мен иллюстрацияларды пайдалану деңгейі;
- ✓ Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс түрлері;
- ✓ Оқушылардың (тәрбиеленушілердің) оқу материалын ұғынуы.

Конкурсқа жіберілген материалдарға рецензия жазылмайды, қатысушыларға сараптама қорытындысы берілмейді.

Үздік педагогикалық тәжірибені тарату

(Үздік педагогикалық тәжірибені таратуға қатысты әзірленген бейнероликке қойылатын талаптар)

Үздік педагогикалық тәжірибені сараптау – бұл педагогтердің практикалық жұмысының нәтижелерін кешенді бағалау.

«Үздік педагог» конкурсының Комиссия мүшелері конкурсқа қатысушылардың бейнесабақтардың тәуелсіз сараптамасын жүзеге асырады және Қазақстан педагогтерінің үздік педагогикалық тәжірибесінің материалдарын жаңашылдық және практикалық маңыздылығы тұрғысынан зерделейді және сараптайды. Бұл жағдайда Комиссия мүшелерінің сараптама нысандары:

- педагогтердің үздік педагогикалық тәжірибесінің материалдары;
- үздік педагогикалық тәжірибені жалпылау материалдары.

Сондықтан педагогке оқыту мен тәрбие үдерісінде нәтижеге жеткізетін өзінің тәжірибесін жинақтау – өзекті мәселелердің бірі. Мұғалім оқыту мен тәрбиеде өзін толғандырып отырған мәселені шешу үшін ізденеді, әдебиеттермен танысады, шолу жасайды, әріптестерінің сабақтарына кіреді, зерттейді, шешу жолдарын қарастырады. Нақтылап айтқанда, келесі әрекеттер жасайды:

- ✓ әдіс-тәсілдерді таңдайды, тапсырмалар жүйесін өзгертеді;
- ✓ сабақ үдерісінде білім алушылардың ықпалын зерделейді, зерттейді, бақылайды.

Үздік педагогикалық тәжірибе – қоғамның әлеуметтік-экономикалық сұранысына сай, оқу үдерісіне оң өзгерістер әкелетін тәжірибе. Әрбір педагог оқу үдерісін дамыту үшін түрлі құралдар арқылы өзінің іс әрекетін саналы түрде өзгертеді. Жалпы, үздік педагогикалық тәжірибе – ол – нәтижеге бағытталған, өзіндік ерекшелігі бар ізденімпаз педагогтің жұмыс тәжірибесі. Сондықтан осы жерде тәжірибе қалай жинақталатыны, оның түрлері туралы ақпарат ұсынылды.

Жоғарыда берілген үздік тәжірибенің анықтамасына, жинақтау кезеңдеріне сәйкес педагог өзінің оқыту үдерісін зерттеу арқылы білім алушылардың ынтасы мен таным қабілеттері қалай өзгеріп жатқанын, оларда қандай дағды қалыптасқанын байқап, өз жұмысындағы жетістіктер мен кедергілерді түсінеді. Өзінің жұмыс барысындағы туындаған мәселелерді, кемшіліктерді біліп, оларды жоюдың тиімді жолдарын қарастырады. Ол үшін педагогикалық әдебиеттермен танысады. Сонымен қатар, әріптестерінің

сабақтарына қатысып, әріптестерінің артықшылықтарын, айырмашылықтарын салыстырып, тиісті қорытынды жасайды. Зерттеу жұмысының материалдарын жинақтайды, оқу процесінде қандай өзгерістер болғанын анықтайды және жетістікке жету үшін не әсер еткенін зерделейді. Мысалы, әсер етуші факторларға келесілерді жатқызуға болады:

- ✓ білім мазмұнындағы өзгерістер;
- ✓ оқу-тәрбие процесінің әдістемесі, технологиясы, түрі, әдістері;
- ✓ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруы;
- ✓ мектептегі басқару жүйесіндегі инновация.

Инновацияның түрлері: модификациялық, комбинаторлық, радикалді.

Модификациялық инновация - педагогикадағы әдіс-тәсілдерді жетілдіру.

Комбинаторлық инновация - белгілі әдіс элементтерін бір-біріне қосу.

Радикалды инновация: мектепке білімнің мемлекеттік стандарттың енгізілуі [20].

Жоғарыда педагогтер білуі тиіс ақпараттарды ұсындық. Бірақ кейде үздік педагогтер өздерінің озық тәжірибесі туралы ақпаратты айта алмайды. Сондықтан тәжірибенің авторы қандай болу керек және онда қандай дағды қалыптасуы тиіс екені туралы ақпарат ұсынамыз.

Озық педагогикалық тәжірибенің авторы – жоғары нәтиже беретін жұмыс тәжірибесі мен өзіндік жұмыс тәжірибесі бар білім беру ұйымының кәсіби шебер мұғалімі. Оқытудың сапасын арттыру, сабаққа арналған оқу-әдістемелік кешендерді құру бойынша басқа әріптестеріне ақыл-кеңес бере алатын да педагог болуы тиіс. Сонымен қатар, авторлық бағдарламаны әзірлеушілер оқыту мен оқуды жақсартудың негіздемесі мен әдістерін дайындап, ұсына алуы керек. Олардың оқыту тәжірибесі, сондай-ақ, кейбір негізгі әкімшілік және үйлестіру дағдылары да болуы керек.

БІЛУ МАҢЫЗДЫ!

Үздік педагогикалық тәжірибесі бар авторда болуы тиіс дағдылар:

Коммуникация дағдылары

Үздік педагогикалық тәжірибе авторы басқалармен жақсы кәсіби қарым-қатынас құра білу. Автор өзінің үздік педагогикалық тәжірибесі туралы, оның ерекшеліктері, артықшылығы туралы айта білуі шарт. Жазбаша, ауызша, диалог арқылы түсіндіре білуі, презентация жасай білуі қажет.

Сыни талдау және шешім қабылдау дағдылары

Автор үздік педагогикалық тәжірибесін түсіндіре білуі қажет. Сондай-ақ, басқа оқыту әдістерінің және басқа да зерттеулердің артықшылықтары туралы, тәжірибенің өзгешілігін, артықшылығын не кұрайтынын дәлелдеп айта білуі және сендіре білуі тиіс.

Көшбасшылық және тәлімгерлік дағдылары

Тәжірибенің авторында көшбасшылық және тәлімгерлік дағдылары болуы керек. Олар басқа педагогтермен ынтымақтастықта болып, басқа авторлармен конструктивті қарым-қатынас жасай білуі керек және ұйымдастыру дағдылары қалыптасқан болуы тиіс.

Сонымен қатар, қысқа мерзімді жоспарды жетік және дұрыс әзірлеу тәжірибесі, білім беру бағдарламаларын жете, терең білу, уақытты дұрыс басқару(тайм-менеджмент) және ұйымдастыру қабілеттері қалыптасқан болуы керек. Тек жоғары деңгейде кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан педагог қана «Үздік педагог» атағына ие бола алады.

Барша қатысушыларға сәттілік!

Қорытынды

